



ҰЖЫМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ҰЙЫМЫ

3



ҚАЗАҚҚА ҚАЗАҚТАН БАСҚА ЕШКІМНІҢ ЖАНЫ АШЫМАЙДЫ

10



АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫСЫ

Бүгін – Мұстафа
Өзтүріктің туған күні

16

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №140 (6433) 23 қараша, бейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЖЕТІНШІ ИНВЕСТОР

Біз сауда және инвестиция салаларындағы байланыстарды
кеңейтуге мүдделіміз



Мемлекет басшысы Ұлыбританияның мемлекеттік министрі
Нусрат Ганиді қабылдады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлыбританияның бизнес және сауда істері жөніндегі мемлекеттік министрі Нусрат Ганиге ілтипат білдіре отырып, Ұлыбритания Қазақстанның негізгі сауда серіктесінің бірі және ел экономикасына инвестиция салу көрсеткіші бойынша жетінші инвестор екенін атап өтті. «Біз Лондонмен сауда және инвестиция салаларындағы байланыстарымызды кеңейтуге мүдделіміз. Британдық тараптың да Қазақстанмен жан-жақты ынтымақтастықты дамытуға ниет танытып отырғанын ерекше атап өткім келеді», – деді Президент.

- Қазақстан мен Ұлыбритания арасындағы тауар айналымы былтыр 60 пайызға артып, 1,8 миллиард долларды құрады.
- Бүгінде Қазақстанда 550-ден астам британдық кәсіпорын жұмыс істейді, олардың арасында Shell және Ernst & Young сияқты жетекші компаниялар бар.

Мәртебелі мейман Нусрат Гани өзіне құрмет көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа және Қазақстан халқына ризашылығын білдіріп, Ұлыбритания тарапы екіжақты байланыстарды дамытуға баса мән беретінін атап өтті.

БҮГІН ЖӘНЕ ЕРТЕҢ:

- 23 қарашада Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Минск қаласында өтетін ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің сессиясына қатысады.
- 24 қараша күні Мемлекет басшысы БҰҰ-ның Орталық Азия елдері экономикаларына арналған арнайы бағдарламасының (СПЕКА) саммитіне қатысу үшін Бакуге жұмыс сапарымен барады.

PS.:

Ел Президентінің бұл сапарларына қатысты сараптама жарияланымдарды газетіміздің 3-бетінен оқыңыздар.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.akorda.kz).

ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҚТЫҢ АЗАМАТТАРЫ

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі
«Еңбек адамы» баспасөз турыын ұйымдастырды

Мемлекет басшысының өндірістерде, фабрикаларда және зауыттарда жұмыс істейтін еңбек адамдарына ерекше құрмет көрсету туралы тапсырмасы аясында Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі Индустриялық аймақ аумағына «Еңбек адамы» баспасөз турыын ұйымдастырды. БАҚ өкілдеріне баспасөз туры аясында екі ірі кәсіпорынның жай-күйі таныстырылды.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алғашқы нысан – жылу панельдерін шығаратын «Terplastil» зауыты. Бұл компания 2019 жылдан бері жұмыс істейді. Алматы қаласының Индустриалды аумағында зауыт 2022 жылы ашылды. Бүгінгі күні «Terplastil» ЖШС өндіріс орны жыл сайын 936 мың шаршы метр қасбеттік жылу панелі, күшейтілген полистирол, көбіктен жасалатын сәндік бұйымдар шығарады. Өндіріс көлемі – күніне 3 мың шаршы метр жылу панеліге дейін жетеді.

Жобаның құны 800 млн теңгені құраған. Қазіргі уақытта кәсіпорында 90 адам еңбек етеді.

«Terplastil» ЖШС өндіріс жөніндегі директоры және компания иелерінің бірі – Айбар Калимулдиев зауытта қасбеттік жылу панелінің үш түрі шығарылатынын хабарлады. Сонымен қатар, пайдаланылатын шикізаттың 80%-ы Қазақстанда өндірілетінін атап өтті. Кәсіпорынның дайын өнімі Ресей, Қырғызстан және Германияға экспортталады.

Айта кеткен жөн, биыл кәсіпорын пенопластың өз өндірісін іске қосқан. Зауыт цехтарында шикізат өндірістің бірнеше кезеңдерінен өтеді де, дайын пенополистирол соңғы желіде бу астынан блок түрінде шығарылады. Мұндағы бүкіл процесті пенопласты өндіру цехының бастығы Алексей Степаншин бақылайды. Ол бұл өнімнің жылу құралы ретінде үлкен сұранысқа ие екенін айтты.

5

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

23.11.2023

Түнде:



+5+7 °C

Бұлтты, жаңбыр, кей уақытта қатты, тұман.

Күндіз:



+5+7 °C

Бұлтты, жаңбыр, кей уақытта қатты, тұман.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

24.11.2023

Түнде:



0,+2 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Кей уақытта тұман.

Күндіз:



+8+10 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Таңертен тұман.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

www.almaty-akshamy.kz





● ҮКІМЕТТЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

Магистральдық желілерді модернизациялау:

ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ КҮРЕТАМЫРЫ

теміржол жүктерін рәсімдеу мен қарау мерзімі екі есе қысқарады

Үкімет отырысында теміржол саласын одан әрі дамыту шаралары қаралды. Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау аясында қазіргі уақытта республиканың көлік-логистикалық әлеуетін одан әрі дамыту бойынша: жаңа теміржол желілерін салуға және қолданыстағыларын жөндеуге, тораптық стансаларды жаңғыртуға, жылжымалы құрамды жаңартуға, шекаралық бекеттердің өткізу қабілетін арттыруға және т.б. қатысты жұмыстар жүргізілуде. Мұндағы ең ірі жобалар – Достық–Мойынты (836 км), Бақты–Аягөз (272 км), Дарбаза–Мақтаарал (152 км) жаңа теміржол желілері және Алматы маңын айналып өтетін жол (73 км).



● ДЕРЕК ЖӘНЕ ДӘЙЕК

• Биылғы 10 айда теміржол көлігімен жүк тасымалдау көлемі 246 млн тоннаны, транзиттік жүк тасымалдау көлемі 22,5 млн тоннаны құраған. Жыл басынан бері экспорттық тасымалдау 8,5%-ға артып, 70,7 млн тоннаға жеткен. Бұл ретте контейнерлік тасымалдар 15%-ға өскен. Есепті кезеңде жолаушылар тасымалының көлемі 2,5%-ға артып, 16,6 мың жолаушыға дейін жетті.

• Алдағы 3 жылда жалпы ұзындығы 1 мың км-ден асатын жаңа теміржол тармақтары салынатын болады. Олар: Достық–Мойынты (836 км), Бақты–Аягөз, Алматы айналма теміржол желісі.

Теміржол ел экономикасының экспорттық бағыттағы қажеттіліктерін толық қамтамасыз етеді. Жалпы, 2029 жылға қарай Қазақстан арқылы транзиттік жүк тасымалдау көлемін 35 млн тоннаға дейін жеткізу, сондай-ақ жаңа жобаларды ескере отырып, отандық экономиканың қажеттіліктерін толық қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Жылжымалы құрамды жаңарту мақсатында 550-ден астам локомотив, сондай-ақ жолаушылар және жүк вагондары сатып алынбақ. Сонымен қатар, жалпы ұзындығы шамамен 5 мың км құ-

райтын қолданыстағы магистральды теміржол желілерін жаңғырту жүргізілуде. Бүгінгі таңда жылжымалы құрам мен магистральдық желілердің тозу деңгейі шамамен 60%-ға жетіп отыр. Мұның бәрі пойыздардың жүрісі мен теміржолдың өткізу қабілетіне кедергі келтіреді.

Премьер-министр Көлік, Қаржы, Ауыл шаруашылығы министрліктеріне, Шекара қызметі, «Қазақстан темір жолы» және «Самұрық-Қазына» қорына жыл соңына дейін жүктерді рәсімдеуді оңайлату мәселесін пысықтауды тапсырды. Жылжымалы



Марат ҚАРАБАЕВ, Көлік министрі:

ЗАМАНАУИ ЖОЛАУШЫЛАР ВАГОНДАРЫ сатып алынады

– Қазақстанда магистральдық желілерді модернизациялау бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Бүгінгі таңда магистральдық жолдардың жалпы ұзындығы 16 мың шақырымды құрайды. Үздіксіз тасымалдауды қамтамасыз ету және магистральдық теміржол желілерінің қуаттылығын арттыру үшін биыл ұзындығы 567 шақырым учаскелерде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Сонымен қатар, 4 теміржол жобасының құрылысы бойынша жұмыстар жүзеге асырылып жатыр. Өткен жылы Достық–Мойынты учаскесінде екінші жолдардың құрылысы басталды. Қазір аталған учаскеде құрылыс-монтаждау жұмыстары белсенді жүріп жатыр. Жер төсемін орнату жұмыстары 70 пайызға орындалды. Жобаны іске асыру учаскенің қуаттылығын 5 есе арттырады деп жоспарлап отырмыз. Алматы станциясын айналып өтетін теміржол желісінде құрылыс-монтаждау жұмыстары басталды. Жылдың соңына дейін Дарбаза–Мақтаарал жобасының құрылысы қолға алынбақ. Ал Бақты–Аягөз жобасын инвестор қаражаты есебінен іске асыру жоспарланып отыр. Алдағы уақытта магистральдық теміржол желісін дамыту шеңберінде 5 мың шақырымға жуық екінші жол салу, 144 станцияда модернизациялау жұмыстарын жүргізіп, 40 жаңа пункт салу көзделіп отыр. Жалпы екінші жолдардың құрылысы учаскелердің өткізу қабілетін 60 жүп пойызға дейін арттыруға мүмкіндік бермек. Қазіргі уақытта пойыздар өңірлер арасында 66 маршрут бойынша қатынайды. Жолаушылар вагондарының паркі 2600 бірлікке жуық. Жолаушыларды тасымалдауға қолайлы жағдай жасау мақсатында, жаңа заманауи жолаушылар вагондарын сатып алу бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Осы жылы 162 жаңа вагон сатып алынды. Оның ішінде, 76 вагон пайдалануға берілді, 24 вагон жылдың соңына дейін берілетін болады. Ал келесі жылдың бірінші жартыжылдығында қалған 62 вагон жеткізіледі. Жалпы 2029 жылға дейін отандық зауыттардан 844 бірлік жолаушылар вагонын сатып алу жоспарланып отыр.



құрамды жаңарту және 2029 жылға қарай тозу деңгейін 40%-ға дейін төмендету жөніндегі жұмысты жандандыру, сондай-ақ теміржол саласының қажеттіліктері негізінде отандық өндірісті дамыту жоспарын әзірлеу қажеттігін атап өтті. Көлік саласының техникалық мамандықтары бойынша қосымша гранттар бөлу мүмкіндігін пысықтауды және Көлік және логистиканы дамыту институтын құру мәселесін қарауды аманаттады.

– Теміржол – көлік саласының және жалпы ел экономикасының күретамамыры. Жылдам өсіп келе жатқан жүк тасымалының әлеуетін ескере отырып, осы салада инфрақұрылымды дамыту және вагондар паркін жаңарту бағытында жоспарлы жұмыс жүргізу қажет. Шекарада жүктердің рәсімделуіне қатысты проблемалар бар, бұл транзит, экспорт және импорт көлеміне әсер етеді. Сондықтан бизнес үшін құжаттарды барынша жылдам қарап, дайындап беретін «бір терезе» жүйесін құру қажет. Барлық қызметтер жедел әрі бір мезетте, яғни синхронды түрде жұмыс істеуі тиіс. «Қазақстан темір жолын» трансформациялау кезінде сервистің сапасын арттыру мен қызметтердің уақытылы көрсетілуін компания өз жұмысының басымдықтары ретінде айқындауы қажет, – деді Әліхан Смайылов.

Қажетті локомотивтер санын қамтамасыз ету және парктің тозу деңгейін төмендету мақсатында биыл 133 локомотив сатып алынған. Осы ретте аталған локомотивтер отандық локомотив және электровоз құрастыру зауыттарында жасап шығарылғанын айта кеткен орынды. Жалпы, 2025 жылға дейін 500-ден астам локомотив сатып алу жоспарда бар. Бұл жылжымалы құрам паркіндегі тапшылық мәселесінің оңтайлы шешіміне айналады деп күтілуде.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: primeminister.kz).

● ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАЛАРЫ



Ерлан ҚАРИН,
Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік кеңесшісі:

ХАЛЫҚТЫҢ ПРЕЗИДЕНТКЕ ДЕГЕН СЕНІМІ ЖОҒАРЫ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин өзінің Telegram парақшасында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлау алдындағы тұғырнамасында айтылған басты бастамаларының биыл жүзеге асырыла бастағаны жайлы пікір білдіріп, жазба қалдырды.

Кеңесші тұжырымдағандай, Президент реформалары елімізді жүйелі түрде жаңғыртуды көздейтін біртұтас бағдарламаны құрайды.

«Осыдан бір жыл бұрын өткен кезектен тыс Президент сайлауында Қасым-Жомарт Тоқаевқа сайлаушылардың 80 пайызы дауыс берді. Бұл көрсеткіш халықтың Президентке деген сенімі жоғары екенін айқын аңғартты.

Мемлекет басшысы 2019 жылы жүзеге асыра бастаған ауқымды әрі жан-жақты реформалар ол қайта сайланғаннан кейін де дәйекті түрде жалғасын тапты. Президент сайлауы жаңа саяси науқандар кезеңіне жол ашты. Соның нәтижесінде Парламенттің қос палатасының және мәслихаттың сайлауы өтіп, олардың құрамы едәуір жаңарды.

Екі апта бұрын Қазақстанда алғаш рет аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерінің сайлауы болды. Осылайша еліміздің саяси жүйесін демократиялық жолмен өзгерту үдерісі үздіксіз жалғасып келеді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың стратегиялық бағдары Қазақстан қоғамының барлық саласын қанаттастыра реформалауға бағытталған. Сондықтан Президент өзінің қыркүйектегі Жолдауында еліміздің жаңа экономикалық моделге көшетінін жариялады. Бұл қадам экономиканы одан әрі монополиясыздандыру мен әртараптандыруды, өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, көлік пен логистиканы, қаржы саласын дамытуды, шағын және орта бизнеске жүйелі қолдау көрсетуді көздейді.

Саяси және экономикалық реформалармен қатар әлеуметтік-гуманитарлық салада да маңызды реформалар жүзеге асырылады. Ондағы мақсат – білім беру, ғылым және мәдениет саласын дамыту арқылы ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру. Президенттің сайлау алдындағы тұғырнамасында айтылған басты бастамалар биыл жүзеге асырыла бастады. Оның қатарында «Ұлттық қор – балаларға» жобасы, «Ауыл аманаты» бағдарламасы, заңсыз жолмен алынған және шетелге шығарылған активтерді елге қайтару сияқты бастамалар бар. Жалпы, Президент стратегиясының барлық бағыты – саясат, экономика және идеология үшеуі біріккенде елімізді жүйелі түрде жаңғыртуды көздейтін біртұтас бағдарламаны құрайды, – деп тұжырымдаған Мемлекеттік кеңесші.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: web.telegram.org/k).



ҰҚШҰ ҰҚК кезекті сессиясы:

ҰЖЫМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ҰЙЫМЫ

жаңа жұмыс бағдарларын айқындайды

Бүгін, 23 қарашада Беларусь Республикасының астанасы – Минскіде ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезекті сессиясы өтеді. Биыл ұйымға Беларусь елі төрағалық етуде. Жоғары деңгейдегі шара өтетіні туралы ақпарат 14 қарашада ҰҚШҰ ресми сайтында хабарланған болатын. Хабарламаға сәйкес еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ұйымның келесі жылға арналған басым даму бағыттарын ұсынады деп күтілуде. Себебі, 2024 жылы ұйымға төрағалық Қазақстанға өтпек.

ҰҚШҰ-ға кім мүше?

Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы 1992 жылдан бастау алады. Алдымен шарт ретінде пайда болып, кейін халықаралық ұйымға айналды. 1992 жылы Ұжымдық қауіпсіздік шарты қабылданды. Құрылу мақсаты жағынан келісім НАТО, Варшава шарты ұйымдарына ұқсас. Сырттан келетін қауіптен саяси-әскери әдіспен қорғану. Келісімге келу не үшін керек болды деген сұрақ болуы мүмкін. Тәуелсіздікті енді алған бұрынғы КСРО құрамына кірген республикалар сыртқы қауіп-қатерден қорғануды мақсат етті.

Құжатқа 15 мамырда Ташкентте Армения, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан елдері қол қойған. Өзбайжан келісімге 1993 жылы 24 қыркүйекте, ал Грузия 9 қыркүйекте, Беларусь Республикасы 31 желтоқсанда қосылған.

Келісім 1994 жылы 20 сәуірде 5 жыл мерзімге күшіне енді. 1999 жылы 2 сәуірде Армения, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Беларусь және Тәжікстан келісімді тағы да 5 жылға ұзартты. Бірақ Өзбайжан, Грузия және Өзбекстан одан бас тартты.

2002 жылы 14 мамырда Мәскеуде Ұжымдық қауіпсіздік шартын халықаралық ұйымына айналдыру туралы шешім қабылданды. Сол жылы 7 қазанда Кишиневте ұйымның жарғысы қабылданды. Осылайша бүгінгі



таңда ұйымға 6 мемлекет мүше: Армения, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Беларусь және Тәжікстан.

Бірлесуге не кедергі?

Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымының кеңеюіне және өз әлеуетін толық пайдалануға не кедергі?

Ең алдымен, Кеңес Үкіметі кезеңінде одақтас республикалар арасында өзекті мәселелер ұзақ уақыт қордаланды. Дер кезінде шешімін таппағандықтан, алып империя ыдыраған соң шешімі жоқ мәселелердің бәрі тараптарды тығырыққа тіреді.

Екіншіден, алдымен шартқа, одан соң ұйымға мүше болудағы басты мақсат сол елдер көршілерімен мәселелерін шешуде сырттан қолдау табуы көзделді. Ал негізі Ұжымдық қауіпсіздік шартын жасасудағы басты мақсат сырттан келетін қауіптен қорғану болатын. Бірақ уақыт өте келе мемлекет басшыларының шынайы ойы басқа екені белгілі болды. Оған Армения және Өзбайжан арасындағы Таулы Қарабақ мәселесі дәлел.

Өзбайжанның жағдайы түсінікті. Армениямен арада қалың бар. Оған Таулы Қарабақ мәселесі себеп болып отыр. 1993

жылы Ұжымдық қауіпсіздік шартына қосылуға ниет білдіруінің де астарында осы мәселе тұрған еді. Себебі, 1992–1994 жылдары Бірінші Қарабақ соғысы болған. Этникалық сипат алған екі көрші ел арасындағы қақтығыс бүгінге дейін созылуда. Сол соғыста Өзбайжан жеңілді. Екі ел де Ұжымдық қауіпсіздік шартына мүше елдерден қолдау табуға ұмтылды. Бірақ әскери тұрғыдан басым Армения жеңді. Бұл жеңілістен соң Өзбайжан шартты ары қарай созырмайтын мәлімдеп, саяси ренішін білдірді. Әрине, бұл реніш шарттағы әскери тұрғыдан қуатты Ресейге бағытталды.

Бір қызығы, екінші Қарабақ соғысынан кейін (2020 жылдан бері) керісінше болды. Ұзаққа созылған әскери қақтығыс нәтижесінде Өзбайжан Таулы Қарабақты қайтарды. Ал Армения ҰҚШҰ-ға саяси ренішін білдіре бастады. Себебі, Армения тарапы ҰҚШҰ-дан саяси-әскери қолдау күтті. Бірақ олар күткендей нәтиже болмады. Одақтың шартына сәйкес, бір мүше мемлекет аумағына әскери агрессия жасалса ғана ұжымдық жауап қайтару келісілген. Ал Таулы Қарабақты ешкім Арменияның аумағы ретінде мойындамаған. Сондықтан да ҰҚШҰ бейтарап саясат ұстанды.

Өзбекстан мен Грузия мемлекеттерінде

жағдай басқа. Өзбекстан сыртқы саясатта түрлі саяси-әскери одақтардан өзін алшақ ұстау саясатын ұстанады. Ал Грузия мен Мәскеу арасы баяғыдан суық.

Барлық шешімдер кеңес сессиясында қабылданады

ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі – одақтың негізгі жоғарғы органы. Оған мүше мемлекеттердің басшысы мүше бола алады. Мемлекеттік басқару формасына қарай ол президент, яки премьер-министр болуы мүмкін. Бүгінгі таңда кеңеске Николь Пашинян (Армения), Александр Лукашенко (Беларусь), Қасым-Жомарт Тоқаев (Қазақстан), Садыр Жапаров (Қырғызстан), Владимир Путин (Ресей), Эмомали Рахмон (Тәжікстан) мүше.

Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі аясында ұйымның стратегиялық мақсаттары мен міндеттері айқындалады. Барлық шешімдер кеңес сессиясында қабылданады. Сессиялар кезекті және кезектен тыс шақырылады. Кезекті сессия жылына бір рет, ұйымға төраға мемлекетте өтеді.

Былтыр екі рет Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің сессиясы шақырылған. Ең алғаш 10 қантарда Қазақстандағы «Қантар оқиғасына» байланысты сессия өтті. Ішкі саяси дағдарысқа байланысты ұйымның бітімгерлік миссиясы елімізде әрекет еткен еді.

Екінші кезектен тыс сессия Армения мен Өзбайжан арасындағы қайта тұтанған қақтығысқа байланысты шақырылды. Армения одақтағы төрағалығын пайдалана отырып сессияны шақырған болатын. Басты мақсаты Қазақстандағы секілді Таулы Қарабақ мәселесінде ұйымнан қолдау табу. Бірақ көріп тұрғанымыздай, онысынан еш нәтиже шықпады.

Биыл 23 қарашада Минскіде кезекті сессия өтеді. Беларусь елі төрағалығын Қазақстанға береді. Яғни келесі жылы ҰҚШҰ-да Қазақстан төрағалық етпек. Ресми шара барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев келесі жылға арналған ұйымның жұмыс бағыттарын ұсынады деп күтілуде.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



САРАПТАМА

СПЕКА САММИТИ

БҰҰ-ның арнайы бағдарламасы туралы не білеміз?

Мемлекет басшысы ертең, 24 қарашада Өзбайжан еліне жұмыс сапарымен барады. Себебі, Бакуде Қазақстанды қамтыған аймақ үшін маңызды халықаралық отырыс өтпек. Яғни БҰҰ-ның Орталық Азия елдері экономикасына арналған арнайы бағдарламасының (СПЕКА) саммиті өтпек. Қазақстанмен қатар өзге де аймақ елдері, сондай-ақ, бірқатар ықпалды халықаралық ұйымдар ортақ қабылдаған бағдарлама бұған дейін де аймақ үшін маңызды болып келген. Қазіргідей күрделі халықаралық жағдайда бұл бағдарламаның аймақтық интеграцияға, ынтымақ пен тұрақтылыққа тигізетін пайдасы зор. Сондықтан Бакуде өтетін жоғары деңгейдегі саммит еліміз үшін де назар аударарлық шара болмақ. Олай болса, сөз Бакудегі саммитке, оның мәні мен маңызына бағытталады.

Халықаралық қауымдастық: арнайы бағдарлама

Әуелі жалпы оқырманға СПЕКА туралы мәліметті алғаттайық. Бағдарлама алғаш рет 1998 жылы наурызда қабылданған болатын. Биыл тура 25 жыл толып отыр. Халықаралық қауымдастық негіздеген бағдарламаның басты мақсаты қысқаша былай: Орталық Азиядағы субөңірлік ынтымақтастықты нығайту; оны әлемдік экономикаға интеграциялау. Бағдарламаның негізгі бағыттары энергетика мен су ресурстарын басқару, көлік инфрақұрылымы және шекарадан өтуді жеңілдету сынды мәселелер.

СПЕКА-ны 1998 жылы наурызда БҰҰ Еуропалық Экономикалық Комиссиясы (БҰҰ ЕЭК), Біріккен Ұлттар Ұйымының Азия және Тынық мұхиты үшін Экономикалық және

әлеуметтік комиссиясымен (UNESCAP) бірлесе отырып, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан басшылары қабылдаған. Көп ұзамай бағдарламаның қатарына бауырлас Өзбайжан мен Түркіменстан қосылды. Ал 2005 жылға келгенде бағдарламаға қатысушы тараптар Ауғанстанды да өз қатарына шақырды.

Бағдарлама алғаш Ташкент қаласындағы декларацияда бекітілді. Оны бір қырынан Орта Азия елдерінің көршілес елдер мен аймақтардың экономикасына интеграциялануға дайын екенін білдірген шара деуге болады. Сол кезде бағдарламаның алғышарттарында былай деп көрсетілген болатын:

Орталық Азия мемлекеттерінің (CAS/OAM) экономикалық даму мүдделерінің ортақтығын мойындай отырып; әрі Орталық Азия мемлекеттері арасындағы экономикалық байланыстарды одан әрі нығайту қажеттілігін сақтай отырып; және ОАМ-ін Еуропамен және Азиямен экономикалық интеграциялануға дайындығын көрсету; БҰҰ-ның Орталық Азия экономикаларына арналған Арнайы бағдарламасын (СПЕКА) қабылдауға және оны жүзеге асыруға кірісетінін мәлімдейді.

Ал Қазақстан болса аталған бағдарламаға алғашқы қатысушылардың бірі, әрі белсенді серіктес. 2005 жылы бағдарламаның кезекті саммитін Астанада өткізді.

Бірегей механизм

Өткен аптада Женева қаласында аталған бағдарламаға қатысушы тараптардың министрлері және жоғары деңгейдегі өкілдері бас қосқан болатын. Бұл басқосу БҰҰ ЕЭК 70-ші комиссиясының кезекті сессиясы аясында өтті. Сонда СПЕКА-ның қазірге дейінгі қызметіне баға берілді. Әрі қатысушы тараптар аталмыш бағдарламаның аймақтағы тұрақтылық пен даму мақсаттарын орындаудағы рөліне қатысты ортақ мәлімдеме жасады. Әсіресе, тұрақты даму үшін ресурстарды ортақ басқару мәселесінде халықаралық қауымдастық ұсынған бағдарламаның маңызының жоғары екені айрықша аталды.

Осы жиында БҰҰ ЕЭК Атқарушы хатшысы Ольга Алгаева: «25 жылда СПЕКА БҰҰ нормаларына, стандарттарына

на және құқықтық құралдарына негізделген, сондай-ақ, БҰҰ аймақтық комиссияларын серіктес ретінде үйлестірудің, ынтымақтастықтың және бір-бірінен үйренудің бірегей механизміне айналды», – деген еді.

Орта Азиядағы және Өзбайжан, Ауғанстан секілді көршілес аймақ елдерімен ортақ шешетін мәселелерде тараптар аталмыш бағдарламаға жүгініп келді. Бұл негізінен, ОА және одан тыс жерлерде транзиттік бағыттарды әртараптан-дыру, сауда мен көлікті жеңілдету, сондай-ақ цифрландыру мен жасыл трансформациядағы ортақ мүдделерін алға жылжыту жағында айтарлықтай нәтиже көрсетті. Аймақтағы ортақ пайдаланылатын ресурстардың реттелуіне де ықпал етті. Айталық, ОА-дағы су ресурсы мәселесі, Арал теңізі мәселелері де бағдарламаға қамтылды. Халықаралық қауымдастық сыртқы серіктестер мен білікті мамандар тобын ұсынып келді.

Бакудегі басқосу

Бағдарламаның 25 жылдығы қарсаңында Өзбайжанның төрағалығымен саммит өтпек. Оның ту еткен тақырыбы – «СПЕКА аймағын жаһандық ақпаратпен байланыстыру хабына айналдыру». Былайша айтқанда, бұл саммитте қатысушы тараптар цифрландыру мен байланыс технологияларын жақсарту мәселесін басты назарға ұстайтын болады. Бұл тақырып қазір өтіп жатқан БҰҰ ЕЭК 70-ші Комиссия сессиясының бағытына негізделген. Яғни Халықаралық қауымдастықтың Еуропа бағытындағы бағдарламасы да осы мәселелер төңірегінде отырыстар өткізуде. Негізінен цифрлық және жасыл трансформация тақырыптарын талқылауда.

Қазір Азия мен Еуропа арасындағы транзиттік бағыттарға деген сұраныс барған сайын артып келеді. Бұл әрі ОА аймағының ғана емес, іргелес Қытай, Ресей, Үндістан, Ислам әлемі, Еуропа, Кіші Азия сынды алып нарықтардың да мүддесіне сай келеді. Сондықтан Бакудегі басқосуда транзиттік бағыттар бойынша цифрлық байланысты нығайту мәселесі қолға алынады. Қазақстан үшін бұл орта дәліз аталып жүрген Транскаспий бағытының жаңа деңгейде дамуы үшін аса маңызды болғалы отыр. Былайша айтқанда, Баку кездесуінде еуропалық жүйемен ақпараттық жағынан сәйкестендірілу мәселесі талқыланбақ.

Естай БОЖАН,
сарапшы.





САЯБАҚ

АЛМАТЫДА ГАНДИ
ПАРКІ ЖАҢАРДЫ

Күн сайын екі мыңнан астам адам келетін М.Ганди атындағы саябақ барлық талапқа сай жаңаша түрленді. Саябақты абаттандыру «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жүргізілді.

Күралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жұмыстар үш кезеңде жүргізілді. Жаяу жүргіншілер аймағының бойында ыңғайлы демалу үшін орындықтар мен әткеншектері бар 17 пергол орындықтар орнатылды. Саябақта барлығы 62 орындық бар, оның ішінде 12 орындық, алты жаңа үйшік орнатылған. 62 жаңа урна жеткізілді.

Ашық ауада әуесқойлар үшін шатыр астындағы тренажерлармен бірінші дәрежелі аймақ жасалды. Енді мұнда кез келген ауа райында спортпен айналысуға болады. Сол шатырдың астына теннис ойнауға арналған үш үстел орнатылды. Жүгіруді қалайтындыр үшін ұзындығы 2.2 шақырым ыңғайлы жүгіру жолы дайындалды.

Саябақта серуендеу де тұрғындар үшін ыңғайлы болмақ. Жаяу жүргіншілер жолдары ас-

фальтталып, кеңейтілді. Саябақта жалпы ұзындығы 10000 м2-ден астам тротуарлар мен жаяу жүргіншілер жолдары төселген. Орталық алаң жағында М.Ганди ескерткішінің жанында берік жабындылар төселген.

Мұнда шахмат немесе үстел ойындарын стильді жаңа жарықтандырылған үйшіктерде ойнауға болады. 5 ауызсу бұрқағы орнатылды.

Кішкентай тұрғындар үшін де жағдай қарастырылған. Ойын алаңы балаларға бейімделген. Бұл туралы аудан тұрғындары саябаққа барған кезде Ерболат Досаевтан өтінген болатын.

Айта кетейік, бұл саябақ XX ғасырдың 70-жылдарының басында салынған. 2003 жылдың қазан айында саябақтың шығыс бөлігінде үнді халқының саяси және қоғам қайраткері Махатма Гандиге ескерткіш орнатылған болатын. Ескерткіш орнатылғаннан кейін саябақ қазіргі атауын алды.

РЕЙД

ҚАУІПСІЗ ҚАЛА

құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары жүргізілді

Алматыда қала тыныштығын сақтау, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нашақорлықтың алдын алу мақсатында түнгі рейд жұмыстары жүргізілді.

Ернұр
РЫСБАЙ

Нашақорлық – адамзаттың қас жауы. Бүгінде дүние жүзі осы ғасыр дертінің алдын алу мақсатында түрлі шаралар қолданып, мәселені шешудің жолын іздеуде. Елімізде де нашақорлықпен күрес кешенді түрде жүргізілуде. Осы орайда Наурызбай ауданының әкімдігі, аудандық нашақорлыққа қарсы штаб өкілдері, мәслихат депутаты және Полиция басқармасымен бірігіп, рейд ұйымдастырды.

– Мұндай жұмыстарды екі жылдан бері жасап келеміз. Әр ай сайын түнгі рейдке шығып тұрамыз. Негізгі мақсат – түнгі уақытта балалар қауіпсіздігін сақтау. Алкогольді ішімдік, темекі шегу, нашақорлықтың алдын алу жұ-



мыстары жүргізілді. Жыл басынан бері көмелет жасқа толмаған балаларға қатысты 18 факт тіркеліп, ата-анасына айыппұл салынды. Сонымен қатар, 9 ойын клубтарына көмелет жасына толмаған баланы сағат 22.00-ден кейін құжаттарын тексермей кіргізгендері үшін әкімшілік хаттама толтырылды. Өткен жылмен салыстырғанда ондай құқық бұзушылық фактілері әлдеқайда азайып отыр. Біз үшін бастысы тұрғындардың қауіпсіздігі мен аудан тыныштығы, – деді Наурызбай ауданы әкімінің орынбасары Мирас Нұрланұлы.

«Қауіпсіз қала» жобасы бойынша өткізіліп отырған күшейтілген рейд жұмыстары барысында көмелет жасқа толмаған балалардың түнгі уақытта жүруі, ұсақ құқық бұзушылық, қоғамдық орында ішімдік ішу сияқты заңға қайшы іс-әрекеттерге тосқауыл қойылды. Сонымен қатар, ойын клубында көмелет жасына толмаған 3 баланың 22.00-ден кейін болғаны анықталып, заңды өкілі шақыртылды. Іс-шараға қатысушы белсенділер түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Ал ойын клубына көмелет жасқа толмаған балалардың құжаттарын тексермегені үшін түсініктеме алынды.

– «Қауіпсіз қала» іс-шарасы барысында күшейтілген рейдтік жұмыстар жүргізіліп жатыр. Көмелет жасына толмаған балалардың құқық бұзу фактілері көбейген. Олардың қатарына темекі тарту, алкогольді ішімдік ішу, түнгі уақытта көшеде заңды өкілінсіз жүру кіреді. Бүгінгі бірлесіп өткізген іс-шара барысында Наурызбай ауданында 48 заң бұзушылық фактісі тіркеліп, әрқайсысына хаттама толтырылды. 30-ға жуығы қоғамдық орында ішімдік ішкені үшін айыпталды. Ұсақ құқық бұзушылықтың 16 фактісі тіркелді. Қалған екеуі 21 жасқа толмаған азаматқа алкогольді ішімдік сатқаны үшін кәсіпкерге айыппұл салынды. Бізге жүктелген жауапкершілікті сезіне отырып, кез келген заң бұзушылықтың алдын аламыз. Қоғамның тыныштығын бұзудан, айналаға залалымызды тигізуден сақ болайық, – деді Наурызбай ауданы ПБ ЖПҚБ бастығы, полиция майоры Азат Ерболұлы.

БРИФИНГ

«ЖАТАҚХАНА» ОПЕРАЦИЯСЫ

Өрт сөндірушілер Алматы жатақханаларынан 350-ден астам заң бұзушылықты анықтады

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында «Жатақхана» республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасының қорытындылары туралы брифинг өтті.

Күралай
ЖУМАДІЛОВА

Естеріңізге салсақ, 13–17 қараша аралығында Алматы қаласының аумағында Төтенше жағдайлар департаменті қызығушылық танытқан мемлекеттік органдармен бірлесіп, «Жатақхана» жедел-алдын алу іс-шарасын өткізген болатын.

Онда Алматы ТЖД құтқарушылары «Жатақхана» жедел-алдын алу іс-шарасы аясында қала жатақханаларына өрт қауіпсіздігі тұрғысынан профилактикалық тексерулер жүргізді.

Алматы қаласы ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының басшысы міндетін атқарушы Еркебұлан Жұматаевтың айтуынша, ТЖД, полиция, аудан әкімдіктері, волонтерлік ұйымдар қызметкерлерінің бірлескен мобильді топтары жатақханалар мен хостелдерге 20 рейд жүргізген.

– Тексеру барысында өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзу бойынша 350-ден астам факт анықталды. Олардың ішінде көп кездесетіндері келушілерді барынша көп орналастыру мақсатымен ғимарат құрылысының жоспарын

өзгерту, ұзартқыштар мен жылытқыштарды пайдалану, ақаулы электр аспаптары, оқшаулауы зақымдалған электр сымдары және тағы басқалар бар, – дейді басқарма өкілі.

Төтеншеліктердің айтуынша, заңсыз жұмыс істейтін, оның ішінде қайта жабдықталған жатақханалардың барлық фактілері бойынша шаралар қабылдау үшін тиісті органдарға хабарланатын болады.

Жатақханалар мен хостелдерде тұратын азаматтардың қатысуымен жалпы 3 мыңнан астам адамды қамтитын 120 жиын ұйымдастырылған. Жатақхана иелерімен өрт қауіпсіздігі алаптарын сақтау бойынша 8 «деңгелек үстел» өткізілген.

Бұдан бөлек, жатақханаларда тұратын азаматтарға өрт қауіпсіздігі ережелерін білу және сақтау тұрғысынан әлеуметтік сауалнама ұйымдастырылып, оған барлығы 70 адам қатысты.

Брифинг барысында рейдтік іс-шараларға қатысушы Алматы қаласы ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бас маманы Дарын Мұқанов мегаполис аумағында 202 жатақхана бар екенін хабарлады. Жыл басынан бері жатақханаларда 6 өрт тіркеліп, соның салдарынан 9 адам қаза тапқан, оның 4-еуі балалар. Айта кетейік, «Жатақхана» ЖАШ аясында полиция қызметкерлері тіркеуі болмағаны үшін ӘҚБтК 492-бабының 1-бөлігі бойынша 25 әкімшілік хаттама, сондай-ақ ӘҚБтК 505-бабы бойынша 1 хаттама (қалалар мен елдімекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бұзу) толтырды.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Алматы қаласының тұрғындары өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауды және жатақханалар мен хостелдердегі өрт қауіпсіздігіне қатысты бұзушылықтардың барлық фактілері туралы «101» және «112» диспетчерлік қызметінің пультіне хабарласуларына немесе e-Otinish порталында жазбаша өтініш берулеріне болады.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК



ЖАҢА БАҒЫТ

Тұздыбастау ауылына қатынайды

Алматы қаласы маңындағы қоғамдық көлік қозғалысын дамыту мақсатында Алматының қалалық Мобильділік басқармасы биыл 21 қарашадан бастап №232 қала маңына қатынайтын жаңа бағыт ашты.

Бұл бағыт «Тұздыбастау» ауылынан («Сұлтан» кешені) «Алматы-2» теміржол вокзалына дейін жүреді. Қозғалыс аралығы 20 минуттан тұратын маршрутқа 7 автобус бар. Естеріңізге сала кетейік, Алматы агломерациясын дамыту аясында 2023 жылы 25 елдімекенді қамтитын 10 қала маңына қатынайтын жаңа маршрут ұйымдастыру көзделген. Бұ-

ған дейін 7 маршрут ашылды, қалған үш бағыт әзірленіп жатыр.

Бұған қоса, Алматы және Алматы агломерациясын дамыту жоспарына сәйкес, 2024 жылдың соңына дейін 20 жаңа қала маңы маршрутын ұйымдастыру жоспарға енген, бұл 50 елдімекенді қамтамасыз етеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



БРИФИНГ

ЖҰМЫС ТА, ЖОСПАР ДА КӨП

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз орталығында БАҚ өкілдеріне арналған кезекті брифингте Жетісу ауданының әкімі Гүлнар Көкебаева ауданда атқарылып жатқан жұмыстар туралы кеңінен айтып берді.

Рая
ЕСКЕНДІР

Аудан әкімі өз сөзін биылғы жылы «Кемел» ықшамауданында бір ауысымда 200 адамға дейін қабылдауға мүмкіндігі бар отбасылық-дәрігерлік амбулаторияның ашылатыны туралы бастады. Аудан әкімінің айтуынша, аталмыш емхана ағымдағы қараша айының соңына дейін ашылатын көрінеді. Сонымен қатар, әкімшілік аудан тұрғындарына медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттыру мақсатында 3 ғимарат сатып алған. Осы ретте Гүлнар Көкебаеваның айтуынша, халыққа сапалы медициналық көмек көрсетуге Алматының барлық жергілікті атқарушы органдары басымдық беріп отыр.

— Сондықтан халықтың жыл сайынғы өсу қарқынын ескере отырып, емханалық желіні дамыту бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Қазіргі таңда «Кемел» ықшамауданындағы емханаға қажетті құрал-жабдық сатып алынып, медициналық қызметкерлердің штаты құрылды. Сондай-ақ, аудан әкімдігі Омаров көшесі бойында орналасқан ғимарат пен Нүсіпбеков көшесі бойынан 3 емхана ғимараты сатып алды. Егер бұл ғимараттар пайдалануға берілсе, 500 адамға қызмет көрсетілетін болады. Сондай-ақ, «Жұмысшы» кентінде бір ауысымда 240 келушіге арналған емхана ғимараты сатып алынды, — деді Жетісу ауданының әкімі.

Жалпы, Омаров пен Нүсіпбеков көшелерінде бой көтеретін емханалардағы күрделі жөндеуді мердігер ұйым жүргізетін болады. Ғимараттарды жөндеу жұмысы осы айда басталып, 2024 жылдың маусымында пайдалануға берілуге тиіс. Дәл қазір «Жұмысшы» кентіндегі ғимаратқа жүргізілген жөндеу жұмыстары толығымен аяқталып, инженерлік желілер қосылған. Ғимарат Райымбек даңғылының бойында орналасқан. Бүгінгі таңда жиһаз, кеңсе техникасы, компьютерлер, медициналық жабдықтар (рентген, ультрадыбыстық, маммография) сатып алу бойынша мемлекеттік сатып алу рәсімдері жүргізіліп жатыр. Осылайша жаңа емхананы ағымдағы жылдың желтоқсан айында ашу жоспарланып отыр.

Өз кезегінде аудан басшысы Жетісу ауданын дамыту үшін мектеп пен балабақшаны көбейтуді қажет екенін баса айтты. Мәселен, Жетісу ауданының әкімі осындағы үш мектептің қосымша ғимараттарының құрылысын тікелей өзі назарда ұстап отырғанын жеткізді. Аудан басшысының айтуынша, аудандағы үш мектепте 800 орынға арналған қосымша құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

— Сондай-ақ, «Құлагер» ықшамауданындағы №148 мектепте 300 орынды қосымша құрылыс аяқталып, қазір мердігер ұйым объектіні тапсыру процесін жүргізуде, — деді Гүлнар Көкебаева.

Бұған қоса, биылғы маусымда мектептерге тағы да қосымша ғимараттар салу жұмыстары жалғасқан еді. Олардың қатарында



№103 мектепке қосымша 200 орын, №112 мектепке қосымша 300 орын салынатын болады. Аталған объектілер бойынша жұмысты аяқтау мерзімі — 2024 жылдың тамызы деп белгіленген.

Сонымен қатар, Гүлнар Көкебаева аяқталған нысандар жайлы да айтып өтті. Осы жылдың тамыз айында №101 мектепке 312 орынды акт залының қосымша құрылысы аяқталса, биылғы қараша айының басында №80 мектепті сейсмикалық күшейтумен күрделі жөндеу аяқталды. Жетісу ауданында да «Мектеп автобусы» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Осы жоба аясында 5 мектептің 1722 оқушысының жайлы автобустармен қатынауы қамтамасыз етіліп отыр. Аудан көлемінде мектепке дейінгі мекемелердегі орын жетіспеушілігі мәселесі де жүйелі шешіліп келеді. Мәселен, «Айнабулақ» ықшамауданында мемлекеттік балабақшаларда орын тапшылығын азайту мақсатында өткен жылдың мамыр айында қолданыстағы құрылысты сүру арқылы 160 орынды жаңа балабақшаның құрылысы басталған еді. Бүгінгі таңда балалар бақшасының құрылысы аяқталып, енді нысанды тапсыру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Ауданда сапалы жол-көлік инфрақұрылымымен қамтамасыз ету үшін 2023 жылы ұзындығы 21,4 км болатын 17 көшедегі жолдарға орташа жөндеу жүргізілген еді. Қазіргі уақытта Стадионная және Әбдіров көшелерінде жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, ұзындығы 6,7 км 11 мекенжайда тротуарлар төселді. Биыл 10 жерасты жаяу жүргіншілер өткеліне ағымдағы жөндеу жүргізілді. (Райымбек даңғылы («Мерей» СҮ жанында), Райымбек даңғылы («Монша» аялдамасы), Рысқұлов даңғылы, Крылов көшесінің қиылысы, Рысқұлов даңғылы, Күдерин көшесінің қиылысы, Рысқұлов даңғылының 4 қиылысы, Жансүгіров көшесінің қиылысы, Солтүстік айналым көшесінің «Алатау» базары, Солтүстік айналым көшесінің («Сәлем» базары).

Тас төсеуіштер мен тактильді плиталар ішінара ауыстырылды, төбелерге софиттер, вандалдарға қарсы жарықтандыру құрылғылары, музыкалық жабдықтар және бейнебақылау жүйесі орнатылды. Сондай-ақ, Солтүстік айналымда 5 жерүсті өткеліне ағымдағы жөндеу жүргізді («Байсат» СҮ базарының алдындағы Солтүстік жартылай айналым көшесі, «Яля» базарының алдындағы Солтүстік жартылай айналым көшесі, «Рахат» базарының алдындағы Солтүстік жартылай айналым көшесі, «Олжа» базарының алдындағы Солтүстік жартылай айналым көшесі, «Барыс» базарының алдындағы Солтүстік жартылай айналым көшесі). Осы ретте металл конструкцияларын сырлау, бейнебақылау камераларын орнату және жарықтандыруды орнату жүргізілді.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Аудан әкімінің айтуынша, ағымдағы жылы кейбір функцияларды аудан әкімдіктеріне тапсырғаннан кейін ұзындығы 150 км 95 көшеде инженерлік желілер салу бойынша жобалар іске асырылуда. Ағымдағы жылы ұзындығы 15 км, 23 көше бойынша, 2024 жылы ұзындығы 67,5 км болатын 35 көшедегі жұмыстар бойынша жұмыс көлемін аяқтау жоспарланып отыр. Сонымен қатар, Жетісу ауданында «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында 2023 жылы аудан тұрғындары ұсынған 40 жоба іріктелді.

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында 2023 жылы аудан тұрғындарынан 300-ге жуық жоба келіп түсті, оның ішінде тұрғындардың дауыс беру қорытындысы бойынша іске асыру үшін 1,8 млрд теңге сомасына 40 жоба іріктелді. Олардың ішінде Райымбек даңғылы, Бөкейханов көшесінің қиылысындағы жерүсті жаяу жүргіншілер көпірін ағымдағы жөндеу, тереңдетілген контейнерлерді орнату және т.б. жобалар бар. Бүгінгі таңда 25 нысанның құрылысы аяқталды. Жыл соңына дейін қалған 15 жобаны аяқтау жоспарлануда. «Халық қатысатын бюджет» жобасынан басқа «Есентай» өзенінің бойында, «Көкжиек» ы/а жалпы ауданы 8 га болатын жаңа саябақ аймағын құру бойынша жұмыстар жүргізілуде, онда скейт, футбол алаңы, орындықтар, балалар ойын және спорт кешендері, автосуару жүйесі орнатылған жағалауды жайластыру көзделген. Жоба ауыспалы болып табылады, жұмыстарды аяқтау 2024 жылдың 2 тоқсанында жоспарланып отыр. Сондай-ақ, Черновская көшесінде біз өткен жылы салған жағалау аймағының құрылысын жалғастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Жағалау аймағының жаңа құрылысы шеңберінде балалар, спорт, тренажер және коньки алаңдарын жайластыру көзделген, сондай-ақ, жағалауда автосуару жүйесі орнатылады, бұл бізге жасыл желктерді сақтауға мүмкіндік береді. Жобаның ұзындығы шамамен 1,2 км құрайды, жұмыстарды 2024 жылдың II тоқсанының соңына дейін аяқтау жоспарлануда, — деді аудан әкімі.

Қорытындылай келе, аудан әкімі Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде жыл соңына дейін Боткин көшесі, 16-үй мекенжайы бойынша жастар комунити-орталығын іске қосу жоспарланып отырғанын жеткізді.

ОТАНДЫҚ ӨНІМ

ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҚТЫҢ АЗАМАТТАРЫ

Досбол
АТАЖАН

(Басы 1-бетте)

«Бұрын бұл өнім өзге елдерден жеткізілген болса, бүгінде өзіміз шығарамыз. Айтпа кету керек, пенопласт қасбеттік жылу панелі ретінде сұранысқа ие. Мен бұл кәсіпорында бір жылдан астам жұмыс істеймін. Осы уақыт аралығында біраз тәжірибе жинағандықтан, бұл цехтың жетекшісі болып тағайындалдым. Бұл жабдықты басқару қиын емес, бәрі біліктілікке байланысты», — деді ол.

Ал бетон араластырғыш қондырғының аға операторы Мереке Жұматаев бұрын жол құрылысы саласында жұмыс істеген, кәсіпорынға келіп, барлығын осында үйренгенін айтады. Сонымен қатар, тәжірибелі тәлімгер тәжірибеден өтушілер мен жас мамандарды оқытады.

«Мен мұнда екі жылдан бері жұмыс істеймін. Кәсіпорындағы қызметімді қарпайым жұмысшы ретінде бастап, екі айдың ішінде жұмыстың қыр-сырын үйрендім. Одан кейін бетон-араластырғыш торапта оператор болдым. Зауытта барлық жұмыс процесі автоматтандырылған. Менің міндеттеріме бетонды құюға дайындау, жабдықты пайдалану және бүкіл процесті қадағалау кіреді. Қазір қасымда өзім үйреткен әріптесім бар. Біздің бөлімде жалпы 15 адам жұмыс істейді», — деді ол.

Екінші нысан «Бижан «ЕӨЗ» ЖШС ет



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

өңдеу зауыты болды. Мұнда баспасөз турына қатысушыларға ет өнімдерінің қалай жасалатынын және оның сапасы қалай бақыланып, қайда сақталатынын көрсетті.

«Бижан ЕӨЗ» ЖШС — ет өңдеу зауыты. Зауыт 1998 жылдан бері жұмыс істейді, биыл кәсіпорынға 25 жыл. Зауыт 80 өнім түрін, атап айтқанда шұжық өнімдері мен жартылай фабрикааттарды шығарады. Зауыт жылына 5 мың тонна өнімге есептелген. Ассортимент шұжықтар мен ет өнімдерінің 100 атауымен ғана емес, сонымен қатар жартылай фабрикааттармен де ұсынылған. Кәсіпорынның 250 қызметкері буып-түю және бөлшектеу, жартылай фабрикааттар цехтарына, сүйектер мен етті сіңірден ажырату цехтарына

бөлінген. Кәсіпорынның негізгі өнімі индустриялық аймақ аумағында шығарылады, ал шикізат болса Көкшетау қаласының «Бижан» ет өңдеу кешенінен жеткізіледі.

Кәсіпорынның өндіріс жөніндегі директоры Любовь Готованың айтуынша, қызметкерлер жұмысқа күн сайын санитарлық аймақ арқылы өтеді. Онда жұмысшылар қолдарын дезинфекциялайды және аяқкімнің табанын жуады. Дезинфекцияның қатаң ережелері мұнда пандемияға дейін де болған.

Журналистер үшін өндірістік аймаққа кіру мүмкін болмады (санитарлық нормаларға байланысты). Дегенмен, әртүрлі цехтардың жұмыс процесі арнайы қарау алаңдарынан таныстырылды. Айта кеткен жөн, зауытта ет өнімдері мен жартылай фабрикааттарды жасаудың барлық процесі автоматтандырылған, тек жартылай фабрикааттардың кейбір түрлерін модельдеу қолмен жүзеге асырылады.

«Алғашқы жылдары қызметкер тік тұрып барлық жұмысты қолмен жасаған болса, қазір олар компьютерде отырады, өндірістік есепке алумен, технологиялық тізбекті бақылаумен айналысады. Өйткені, өндірістік жұмыстың біраз бөлігі автоматтандырылған. Бірақ бұған қарамастан, кей адамдар жұмыс қиындығына шыдамай жатады — бұл температуралық режим, тұрақты суық және жұмысшыларға әсер ететін физикалық жүктемелер», — деді сапа бөлімінің бастығы Сәуле Таласбекова.

Бір қызығы, кәсіпорында әулет болып еңбек ететін 8 отбасы бар. Ал Жаңыл Байреева — етті сылып алу мен майлар цехының шебері, ол осы кәсіпорында ширек ғасырға жуық жұмыс істеп келеді.

«Мен компанияға 1998 жылы келдім. Ол кезде мен ет сіңірін ажыратушы болып жұмыс істедім, біз еттің сорттары бойынша сіңірлерін аламыз. Бұл салада мен 21 жыл жұмыс істедім. Қазір қоластымда 12 адам жұмыс істейді. Менің қызым технологиялық институтты бітіріп, кәсіпорында технолог болып жұмыс істеуге келді. Біздің отбасымыздың екінші буыны осында жұмыс істейді, отбасылық династия деп айтуға болады, мұндай отбасылар зауытта көп», — деді Ж.Байреева.

Жартылай фабрикааттар цехының шебері Нұрбіби Қанатова да зауыт құрылған күннен бастап 25 жыл жұмыс істейді. Оның бригадасында 19 адам, олардың арасында құрметті қызметкердің ұлы да бар.

«Мен шұжық жасау мектебін бітірдім және 21 жыл шұжық жасаушы болып жұмыс істедім. Шебердің міндеті — жұмыс процесі мен өнімнің сапасын бақылау. Біз бір айдан екі айға дейін созылатын тренинг өткіземіз», — деді ол.

2023 жылы индустриялық аймақта 369 жұмыс орнын құрумен жалпы сомасы 15 млрд теңгеге 5 жобаны іске қосу жоспарлануда. Индустриялық аймақ құрылғаннан бастап бүгінгі күнге дейін жалпы сомасы 239 млрд теңгеге 65 жоба іске асырылды. Кәсіпорындарда 7788 жұмыс орны құрылды.



● ПРЕЗИДЕНТТІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСЫП ЖАТЫР?

Жаңа тарихи кезең:

БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» атты сайлауалды бағдарламасын ұсынғанына да бір жыл өтті. Онда жаңа тарихи кезеңдегі республиканың негізгі даму бағыттары тұжырымдалғаны белгілі.

Содан бергі бір жылдық өмірімізде не өзгерді? Президенттің сайлауалды бағдарламасы қалай жүзеге асып жатыр? Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында қандай нақты нәтижелер бар?

«Алматы ақшамы» осы сауалдарға жауап іздеп, арнайы шығармашылық жобаны қолға алды. «Әділетті Қазақстан», «Үкіметте не жаңалық?», «Президенттің сайлауалды бағдарламасы қалай жүзеге асып жатыр?» айдарлары аясында ел өміріндегі қадау-қадау жаңалықтармен оқырмандарымызды жүйелі түрде таныстырып отыруды мақсат тұттық. Басылымның өткен санында әлеуметтік саладағы өзгерістер мен нақты нәтижелерді зерделеп, ұсынған едік.

Бүгін біз ұсынып отырған білім беру мен денсаулық сақтау аясындағы топтамалық нәтижелерді көрсетіп, мектептердегі тегін тамақтандыру, ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту бағдарлары да қоғам үшін аса маңызды салалар. Олай болса, Мемлекет басшысының сайлауалды бағдарламасын орындауда Үкімет білім және денсаулық сақтау салаларын дамыту бойынша бір жыл ішінде қандай жұмыстар атқарды?

Ел Президенті өзінің сайлауалды бағдарламасында бұл салаларды нығайтуға бағытталған биік мақсаттарды айқындап берді. Табыстарға жету мүмкіндігі адами капиталдың сапасына тікелей байланысты, сондықтан Қазақстанда білім беру мен денсаулық сақтау салаларын дамытуға айрықша көңіл бөлініп келеді.

● 1 қыркүйектен бастап Қазақстанда ай сайынғы мемлекеттік шәкіртақы көлемі: бакалавриат студенттеріне – 20%-ға, магистратура мен докторантурада оқытындарға – 15%-ға, ТЖКБ студенттеріне – 50%-ға артты. Жалпы, 2025 жылға қарай студенттер шәкіртақысының мөлшері 2020 жылғы деңгейден кезең-кезеңмен 2 есеге өседі.

● ЖОО-лар мен колледждердің жатақханаларында орын тапшылығы бір жыл ішінде 3 есеге жуық, 2022 жылғы 62,8 мың төсек-орыннан биылғы қазан айында 23,9 мыңға дейін қысқарды.

Бұл ретте жатақханалар салуға мемлекеттік тапсырыс беру тетігі жетілдірілді. Атап айтқанда, республика бойынша жылына төсек-орын үшін норматив 122 АЕК-тен 195 АЕК-ке дейін (20%-ға) және Алматыда жылына төсек-орын үшін 144 АЕК-тен 230 АЕК-ке дейін (20%-ға) ұлғайтылды.

2023 жылы 10,9 мың орынды 44 жатақхананы іске қосу жоспарланған, оның ішінде 25 жатақхана пайдалануға берілді. Жыл соңына дейін тағы 19 жатақ-

хананы пайдалануға беру жоспарланшып отыр.


● 1 қыркүйектен бастап республикадағы барлық 1–4-сынып оқушылары үшін тегін ыстық тамақ ұйымдастырылды. 1,4 млн бала қамтылды. Жергілікті бюджеттен 25 млрд теңге бөлінді.

Халықтың әлеуметтік әлсіз топтарының 5–11-сыныптарда оқитын 200 мыңнан астам оқушысы тамақтанады. Сонымен қатар, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында аталған санаттағы 97 мыңнан астам бала тегін тамақпен қамтамасыз етілді.

Білім беру ұйымдарында балалардың тамақтану нормалары қайта қаралды: онда отандық өнімді пайдалануға, тағам сапасының мониторингін күшейтуге және саламатты тамақтануды насихаттауға баса назар аударылды.

Азаматтардың жоғары білімге қол жеткізуді қамтамасыз етудің қосымша тетігі болатын «Келешек» ерікті жинақтау жүйесін әзірлеу басталды. Аталған жүйе шеңберінде балаға арнаулы шот ашуға болады, оған мемлекет 60 АЕК (5 жастағы балаларға) мөлшерінде бастапқы білім беру капиталын салады, онда ата-аналардың ерікті жарналары, 5%–7% мөлшерінде жыл сайынғы мемлекеттік сыйлықақы және инвестициялық табыс есебінен қаражат жинақтала бастайды.

● Мемлекет басшысының «Ұлттық көр – балаларға» бастамасы шеңберінде қаражат жинақталатын болады, бұл кейіннен



жинақтарды шоғырландыруға және таңдалған ЖОО-да оқуға ақы төлеуге мүмкіндік береді.

Бұл ретте ҰБТ тапсыру қорытындысы бойынша өтініш беруге болатын мемлекеттік білім гранттары сақталады. «Келешек» қосымша қолдау тетігі болады. Грантка түскен жағдайда талапкер жинақталған қаражатты тұрғын үй сатып алуға бағыттай алады.

«Келешек» ерікті жинақтау жүйесі елімізде келесі жылдан бастап қолжетімді болады.

● Биыл аз қамтылған отбасылар мектеп киімдері мен кеңсе тауарларын өз бетінше сатып алу үшін әр балаға кемінде 40 мың теңге алды. Барлығы 463 мың бала қамтылып, 19 млрд теңге бюджет қаражаты жұмсалды.

● «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру басталды. 2026 жылға дейін 740 мың орынды 369 жаңа форматтағы мектеп салынады.

● Жұмыс істеп тұрған мектептерді қайта жаңарту жүргізіліп жатыр. Оларда жыл сайын заманауи 1000 кабинет, яғни робототехника, химия, биология, физика және STEAM кабинеттері ашылады. 2029 жылға дейін осындай 7 мың кабинет ашылады.

Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту дәрттіру мақсатында жаңадан 2023–2027 жылдарға арналған мектепке дейінгі ұйымдарды іске қосудың қадамдық жоспары әзірленіп, бекітілді. Республикада 300 мың орынды 2483 мектепке дейінгі білім беру мекемесін, оның 81 мыңын 2023 жылы ашу жоспарланған.

Жыл басынан бері 53,9 мың орынды 525 мектепке дейінгі білім беру ұйымы ашылды. 2 жасан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту бүгінде 89,7%-ды құрайды. Жыл соңына дейін жаңадан тағы 27,1 мың орынды іске қосу жоспарланған.

Биыл мектеп жасына дейінгі балаларды сапалы тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету мақсатында:

● озық педагогикалық тәжірибені тарату және енгізу үшін мектепке дейінгі ұйымдардың 79 құзыреттілік орталығы ашылды;

● педагогтер үшін, оның ішінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының басшылары мен әдіскерлері үшін біліктілікті арттырудың 24 курсы әзірленді;

● 19 мыңға жуық педагог біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

Мектептерде 100% үздіксіз экологиялық білім беру, барлық ресурстарды үнемді пайдалану мәдениетін дамыту моделі енгізілді.

Қолданбалы ғылымды, оның ішінде бизнестің ғылыми зерттеулерін бірлесіп қаржыландыру, ғылыми және ғылыми-техникалық жұмыстардың нәтижелерін коммерциаландыру үшін жағдай жасау, сондай-ақ жыл сайынғы гранттар бөлу арқылы қаржыландыруды

ұлғайту бойынша жұмыс жүргізілуде. Республикалық бюджеттен қолданбалы ғылымға 2024–2026 жылдарға 500 млрд теңгеден астам қаражат қарастырылған.

Биылдың өзінде 16,9 млрд теңгеге коммерциаландыру бойынша 66 жоба іске асырылуда. 17,1 млрд теңгеге жаңа конкурс жарияланды.

Жалпы, ғылымның 2023–2025 жылдарға арналған бюджеті алдыңғы үш жылдық кезеңмен салыстырғанда, 3,3 есеге өсіп, 643 млрд теңгені құрады.

Сонымен қатар, жас ғалымдарға қолдау көрсетілуде. Биылғы қазан айында 2024–2026 жылдарға арналған «Жас ғалым» жобаларын гранттық қаржыландыруға 9 млрд теңгеге конкурс жарияланды. Сондай-ақ, 2024–2026 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландыруға конкурс жарияланды.

Жетекші жоғары оқу орындары мен ірі кәсіпорындардың жанынан мамандандырылған инженерлік орталықтарды, ғылыми-технологиялық паркттерді құру және дамыту бойынша шаралар қабылданады. Атап айтқанда, ғылыми-техникалық инфрақұрылымды құруға қаржы бөлінді.

2023–2025 жылдары 2 ғылыми-технологиялық парк пен 2 инженерлік орталық құру жоспарланған:

● ҚР құрылыс және жол құрылыс секторларына аккредиттелген қызметтердің толық кешенін көрсетуге арналған құрылыс-техникалық инженерлік орталық;

● тау-кен металлургия кешені үшін энергия өндіруші технологиялардың инновациялық инженерлік орталығы;

● өндірістік қалдықтарды қайта өңдеудің жаңа тиімді технологияларын әзірлеу және өнеркәсіптік енгізу бойынша салаларлық ғылыми-өндірістік экологиялық кешен;

● агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ғылыми-технологиялық парк.

Жоғары білімді интернационалдандыру шеңберінде Қазақстан-неміс университетімен бірге Yessenov University базасында инжиниринг институты ашылды. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің базасында Жасанды интелект және информатика жоғарғы мектебі ашылды. Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ негізінде инженерлік-техникалық бағыттағы Лу Бан шеберханасы ашылуда. ҚазҰАЗУ базасында Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институтының филиалы ашылды. А.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінде Heriot-Watt университетінің филиалы ашылды.

13 заманауи перинаталдық орталық құру, онкологиялық орталықтарды салу және модернизациялау жобалары жүзеге асырылып жатыр. Атап айтқанда, Астанада еліміздегі алғашқы заманауи жоғары технологиялық кондырғылармен жабдықталған жаңа Ұлттық ғылыми онкологиялық орталық салынууда. Бүгінде жұмыстар 90%-ға орындалды: сәулелік және ядролық медицина орталықтары бар 210 төсек-орынды емдеу-диагностикалық корпус, протон терапия орталығы және т.б. Бұл Қазақстанға Орталық Азияда бірінші болып онкологиялық науқастарға протонды терапия жүргізуге мүмкіндік береді.

«АҚШАМ-АҚШАМ».
(Дереккөз: primeminister.kz).

Саламатты өмір салтын қалыптастыру шеңберінде өңірлерде жалпы саны 2,4 млн адамды қамтыған 500 мыңнан астам іс-шара мен тақырыптық дәріс өткізілді. Негізгі бағыттар – саламатты және рационалды тамақтануды насихаттау, дене шынықтыру мен спортты дамыту, темекі өнімдері мен алкоголь тұтынуды азайту, психикалық және репродуктивті денсаулықты қорғау, жарақаттануды азайту.

Жастар денсаулық орталықтарының желісі кеңейуде. Бүгінде қалалар мен ауылдық жерлерде 138 орталық жұмыс істейді. 2023 жылдың 9 айында 620 мыңнан астам адам тиісті қызметтермен қамтылды.

● Ауыл тұрғындарына медициналық көмек көрсету деңгейін арттыру мақсатында «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық ұлттық жобасы бекітілді.

Бүгінгі таңда жоба шеңберінде 13 алғашқы медициналық-санитариялық көмек объектісінің құрылысы аяқталды. Тағы 86 объектінің құрылысы жүріп жатыр. Бұдан бөлек, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстарында 4 көпсалалы орталық аудандық ауруханаларда күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Қашықтан медициналық қызметті дамыту бойынша жүйелі шаралар қабылданып жатыр. Атап айтқанда, елімізде бірнеше отандық цифрлық шешімдер енгізілуде:

● SmartECG бағдарламалық қамтамасыз ету – кардиологиялық зерттеулер нәтижелерін қашықтан интерпретациялау. Қазақстан Республикасының 15 өңірінде жұмыс істейді;

● EyeLab аппараттық-бағдарламалық кешені – көз түбі кескіндерін автоматты түрде интерпретациялау және қашықтан өңдеу. Астана және Алматы қалаларында, Жамбыл, Ақмола, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Жетісу облыстарында жұмыс істейді;

● MedReview бағдарламалық қамтамасыз ету – сәулелік диагностика қызметтері (рентген/мамография/КТ/МРТ) бойынша қашықтан қорытындыларды қалыптастыру. Астана қаласында және Жамбыл облысында жұмыс істейді;

● HES-7 денсаулық диагностикасы жүйесі – шалғай ауылдық елді мекендердегі медициналық мекемелерден пациенттердің денсаулық жағдайы туралы диагностикалық апаратын қашықтан жинау және жіберу және телемедициналық консультациялар жасау. Пилоттық апробация Батыс Қазақстан, Қарағанды, Ақмола, Атырау, Ақтөбе облыстарында өткізілді;

● киілетін құрылғыларды пайдалана отырып, азаматтардың денсаулығына қашықтан мониторинг жасау жүйесі – әлеуметтік маңызы зор үш ауру түрі: кант диабеті, созылмалы жүрек жеткіліксіздігі және гипертония бойынша денсаулықтың негізгі параметрлерін қадағалау. Пилоттық сынақ Астана, Алматы қалаларында және Павлодар облысында жүргізілді.

Жалпы, 2023 жылдың 9 айында халыққа телемедициналық консультацияларды қоса алғанда, 687 мыңнан астам қашықтан медициналық қызмет көрсетілді.



ТУРИСТИК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Уақыт пен қаражат
үнемделеді

Алматыда Almaty PASS бірыңғай билеті мен туристің паспорты іске қосылмақ



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Алматыда Recommended by Visit Almaty өңірлік стандартын енгізу жоспарлануда. Бұл туралы қалалық туризмді дамытуға арналған баспасөз мәслихатында Almaty Tourism Bureau басшысы Камила Лұқпанова айтты.

Спикердің сөзінше, бұл бағдарлама көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту және туристер санын арттыру үшін сала субъектілерін біріктіруге бағытталған. Сондай-ақ, туристер қаланың туристік инфрақұрылымы туралы хабардар бола алады.

«Алматыда туристің Almaty PASS бірыңғай билеті іске қосылады. Ол бағдарламаға енгізілген көрікті жерлер мен экскурсияларға еркін баруға және қаланың мәдени және ойын-сауық нысандарына барған кезде қаражатты 50%-ға дейін үнемдеуге мүмкіндік береді», — дейді ол.

Бағдарламаның тағы бір өнімі — туристің төлқұжаты. Оны Visit Almaty ақпараттық орталықтарынан алуға болады.

«Паспорттың көмегімен туристер Алматыда оңай жүріп-тұра алады, қаланың көрікті жерлеріне барып, онда болғаны туралы белгі қоя алады. Сонымен бірге, Алматыда мейрамханалар, кафелер, кофеханалар анықтамасының баспа нұсқасын құру жоспарланатын отыр», — деп атап өтті Камила Лұқпанова.

МОНИТОРИНГ

КУӘЛІК АЛУ ҮШІН
БІЛІМ КЕРЕК

Мамандандырылған ХҚО-ларда бір айдың ішінде 66 теориялық емтихан нәтижесі күшін жойған

Жүргізуші куәлігін алу үшін теориялық емтихан тапсыруға ЖЖЕ 3.0 жаңа жүйесі енгелі бері тексеріс ережелері күшейді. Нәтижесінде Шымкентте, Түркістан, Ақтөбе және Алматы облыстарында емтихан тапсыру ережелерін бұзған азаматтардың емтихан нәтижелері күшін жойды.

Жаңа жүйенің арқасында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының мамандары қызмет алушылардың емтихан барысында жеке компьютерлерге қашықтықтан қосылуға мүмкіндік беретін микроқұлақпақтарды, HDMI сплиттерді қолданғаны туралы деректерді анықтады. Сонымен қатар, жүргізуші куәлігін алу үшін теориялық емтихан тапсыруға келгендер қолдануға тыйым салынған құрылғыларды киімінің жеңіне тығып немесе электронды құрылғылар орнатылған киіммен кіруге тырысқан.

Мәселен, Шымкент қаласында емтихан тапсырушы адам үшінші тұлғаның көмегіне жүгінген. Ол жақын орналасқан терезені қағып белгі беру арқылы дұрыс жауапты білдіріп отырған. Жаңа жүйе емтихан тапсырушының қимыл-қозғалысын, терезеге жиі назар аудары бергенін анықтаса, аудио-жазба терезе тұстан келген дыбыстарды тіркеген. Нәтижесінде емтихан нәтижелері есептелмей, күшін жойды.

«Жаңа жүйе биыл, 16 қазан күні Қазақстан аумағындағы 83 емтихан сыныбына енгізілген. Осы аралықта емтиханды сәтті тапсырғаны туралы нәтижелер саны екі есеге азайған. Бұл жүргізуші куәлігін жол жүру ережелерін жақсы меңгерген азаматтардың алып жатқандығын дәлелдейтін көрсеткіш», — деп атап өтті «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Басқарма төрағасының орынбасары Шыңғыс Оразалимов.

Ал емтихан нәтижелері жойылған азаматтар емтиханды қайта тапсыруға тек 3 айдан кейін ғана жазыла алады.

Айтпақшы, жыл басынан бері бір миллионнан астам жүргізуші куәлігі берілген.

Нұр ЖАМАЛ.

Мемлекеттік корпорация:

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ»

офлайн-сервистің толыққанды драйверіне айнала ма?

Мемлекет басшысының тапсырмасына орай Үкімет мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жақсарту мәселелеріне ерекше көңіл бөліп отыр. Кезекті жиында қазір мемлекеттік қызметтердің шамамен 93%-ы электронды түрде көрсетілетіні айтылды. Өткен жылмен салыстырғанда смартфон арқылы көрсетілетін қызметтер саны 6 есеге өскен. Оған қоса, азаматтардың мемлекеттік органдарға жүгінуін қажет етпейтін проактивті қызметтерді енгізу жалғасып келеді. Қазіргі уақытта олардың саны 40-қа жетті, жалпы 2 млн-нан астам қызмет көрсетілді. Бұл бағыттағы жұмыс азаматтар арасынан жасақталған фокус-топтардың қатысуымен жалғасып жатыр.

«Отбасының цифрлық картасын» барлық өмірлік жағдайға кеңінен қолдану қажет

Мемлекеттік органдар қызметтер «әдепкі қалпы бойынша» көрсетілетін тәсілдерді енгізуі тиіс. «Smart Data Ukimet» платформасында іске асырылған «Отбасының цифрлық картасы» жобасын осындай мысалдардың бірі ретінде атап өтуге болады: «бұл тәсілді барлық өмірлік жағдайға кеңінен қолдану қажет».

«Электрондық үкімет» порталында білім туралы құжаттарды тану, тұрғын үй көмегін тағайындау, жер учаскесін жалдау мерзімін ұзарту сияқты мемлекеттік қызметтердің 22 түрін алуға әлі мүмкіндік жоқ екені де айтылды. Бизнес пен азаматтарға, оның ішінде ерекше қажеттіліктері бар адамдарға сапалы және уақытылы қызмет көрсетуге басымдық берілуі тиіс.



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

Сонымен қатар, ХҚКО-ға келушілер ондағы ұзын-сонар кезекке және ғимараттарда қолайлы жағдайлардың болмауына наразы екені айтылды. Мәселен, ерекше қажеттіліктері бар азаматтар арнайы пандустар мен көтергіштердің болмауына байланысты кейбір ХҚКО-ға кіре алмайды. Осыған байланысты 2024 жылғы наурыз айының соңына дейін электрондық түрде болады деп мәлімделген мемлекеттік қызметтердің қалған түрлерін автоматтандыруға, сондай-ақ жүзеге асырылатын проактивті қызметтер тізбесін кеңейтіп тұруға маңыз берілді.

Онлайн мәмілелер платформасы

Жиында жылжымайтын мүлік бойынша онлайн мәмілелер платформасы таныстырылды. Мәселен, жылжымайтын мүлікті, мысалы, үйді, пәтерді немесе кеңесі сатып алу немесе сату кезінде бұрынғыдай нотариусқа немесе ХҚКО-ға жүгінудің қажеті болмайды.

Мұндай онлайн-сервис Blockchain технологияларын және биометриялық сәйкестендіруді пайдалана отырып ұсынылатын болады. Әр объект бойынша жасалатын бар-

лық іс-әрекеттер мен бейнематериалдар «электрондық үкіметте» сақталады. Осылайша бірнеше күнге созылатын процесс 1 сағатқа дейін қысқарады.

Коммуналдық шарт онлайн-режимде жасалады

Сонымен қатар, тағы бір жоба — I-Qala таныстырылды. Бүгінгі таңда жаңадан пәтер алған азамат су, жылу және т.б. қосуға келісім-шарттар жасау үшін коммуналдық қызметтерге баруға мәжбүр. Мұндай ауыртпалыққа жыл сайын 700 мыңнан астам адам тап болады, оны шешуге азаматтар 30 күнге дейін уақыт жұмсаған. Қазіргі уақытта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі жеңілдетілген формат енгізіп жатыр.

Осылайша пәтер иесіне тиісті SMS жіберіліп, барлық коммуналдық шарт онлайн-режимде жасалады. Осының арқасында оператор компанияларға бару қажеттілігі жойылды. Бүгінгі таңда елордада осылай 80 мыңнан астам шарт жасалды. Қазір бұл сервис Алматыда іске қосылуда. Осындай жұмыс республиканың басқа өңірлерінде де жүргізілетін болады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Әлихан СМАЙЫЛОВ,
Үкімет басшысы:

ЭЛЕКТРОНДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ
азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартудың
маңызды факторы

жұмыстың сапасы дұрыс болмағанын көрсетеді. Бірыңғай байланыс орталығына қоңырау шалу өте қиын. Лицензиялар мен рұқсаттар алуға өтініш беру күрделі болғаны сонша, азаматтар консалтингтік компаниялар мен жеке тұлғаларға жүгінуге мәжбүр. Жалпы аталған жайттар атқарылып жатқан ауқымды жұмыстың тиімділігін төмендетіп жібереді. Сондықтан азаматтардың шағымдары мен ұсыныстарын бірден назарға алып, шұғыл шаралар қабылдау қажет. Әрбір мемлекеттік қызметтің нақты жай-күйін тұрақты тексеріп тұру қажет. Оның оңай алынуына, деректердің дұрыстығына және олардың қауіпсіз сақталуына ерекше назар аудару ке-

рек. Жалпы, халықтан сұралатын құжаттардың тізбесін оңтайландыру қажет.

Қазақстан онлайн қызметтер көрсету бойынша БҰҰ рейтингінде 8-орында келеді. Халықаралық сарапшылар атап өткендей, бұл — біздің еліміздің үлкен жетістігі. Осы жұмыстарды белсенді түрде жалғастыру қажет. Көрсетілетін қызметтер сервисінің деңгейін үнемі арттыру қажет, бұл әсіресе, Халыққа қызмет көрсету орталықтарына қатысты. Көрсетілетін қызметтерді автоматтандыру тұрғысынан «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы офлайн-сервистің толыққанды драйверіне айналуы тиіс.

Бағдат МУСИН,
Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі:

ЗЕЙНЕТАҚЫ ТАҒАЙЫНДАУ
мүлдем жаңа форматта жүргізілетін болады

Азаматтардың мемлекеттік органдарға жүгінуін қажет етпейтін проактивті қызметтерді енгізу жалғасып келеді. Қазіргі уақытта олардың саны 40-қа жетті, жалпы 2 млн-нан астам қызмет көрсетілді. Бұл бағыттағы жұмыс азаматтар арасынан жасақталған фокус-топтардың қатысуымен жалғасып жатыр. Бұған дейін азаматтарға жыл сайын 50 млн-ға жуық қағаз анықтама ұсыну қажет болатын. Заманауи технологиялар арқылы бұл процесті цифрлық форматқа ауыстыру мүмкіндігі туды. Жұмыс берушілер мен мек-

тептердің бұрынғыша анықтамаларды талап ету фактілері әлді де орын алуда. Бұл мәселені 2024 жылы толығымен шешу жоспарланып отыр.

Бүгінде қазақстандықтар жаңа цифрлық сервистерді жиі қолданады. Олардың қатарында электрондық сенімхаттар беру, автокөлікті онлайн сатып алу-сату, ипотеканы онлайн рәсімдеу және т.б. қызметтер бар. Осы орайда келесі жылы зейнетақы тағайындау процесі өзгертіледі, ол мүлдем жаңа форматта жүргізілетін болады. Сондай-ақ,



«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: primeminister.kz).



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Бірегей жоба:

RECOMMENDED BY VISIT ALMATY

Алып мегаполистің туристік әлеуеті зор

Бірегей мәдени кеңістік, өзгеше тарихи бояу, бай табиғат, түрлі климат ортасы және көне-жаңа Жібек жолының шолпандай жарқыраған қалалары...

Естай
БОЖАН

Айта берсек, тауысқысыз мол мүмкіндіктер Орта Азияның туризм әлеуетін терең етіп көрсетеді. Бірақ соған қарамастан, Қазақстанды қамтыған бұл аймақ әлемдегі туризм саласынан өз еншісін жеткілікті деңгейде ала алмай келеді.

«Валюта генераторы» деген атқа ие туризм саласы әлемде қарқынды дамыған сала. Жыл сайын бұл салада 1 триллион АҚШ доллары айналып жүреді. Соңғы жылдары Қазақстанды қамтыған Орта Азия аймағы да туризм саласын дамытуға баса ден қоюда. Елімізде Мемлекет басшысының соңғы Жолдауларынан кейін Үкімет тарабы туризм саласына айрықша назар аудара бастады. 21 қараша күні Алматыда өткен «Орталық Азия елдеріндегі туризмді дамыту» атты баспасөз жиыны да осы бағыттағы көп жұмыстардың бірі.

АЛМАТЫ ТУРИСТЕРДІ
ҚАЛАЙ БАУРАЙДЫ?

Ұлттық баспасөз клубында өткен іс-шараны Алматы қалалық Туризм басқармасы арнайы ұйымдастырған болатын. Спикерлер қатарында аталған басқарма басшысының орынбасары Ақмарал Ешанова, Алматы Туризм бюросының басшысы Камила Лұкпанова, туристік агенттіктің директоры Болат Сабалақов болды. Сондай-ақ, туризм саласы бойынша танымал эксперттердің бірі Мақсат Чаки Қырғыз Республикасынан арнайы келіп қатысты.

Жиынның алғашқы сөз тізгінін алған Ақмарал Ешанова ханым Алматының туристік әлеуетін көтеру үшін жасалып жатқан іс-шараларды, жеткен жетістіктер мен

жетпек болған мақсаттары турасында қысқаша таныстырып өтті. Аталған басқарма өкілінің мәліметінше туризмді дамыту бойынша жасалған жұмыстар өз нәтижесін көрсетуде. Жыл басынан бері өткізілген түрлі фестивальдер, форумдар мен мерекелік іс-шаралардың нәтижесінде жылдың алғашқы жарысында-ақ туристер саны 25,5 пайызға көбейген. Биыл жыл соңына дейінгі меже былтырғымен салыстырғанда айтақалсын жоғары болатынын айтады. Туризм басқармасы бөліскен мәліметтерді материалдың соңына жинақтайтын боламыз.

Аталған баспасөз жиынында Almaty Tourism Bureau басшысы Камила Лұкпанова да өз тарапынан жаңа мәліметтерін ортаға салды. Айталық, еліміздегі ең үлкен мегаполистің туристік әлеуетін жоғарылату үшін Recommended by Visit Almaty өңірлік стандартын енгізу жобасы қолға алынып жатқанын айтты. Оқырманға тартып айта кетейік, Recommended by Visit Almaty жобасы туризм саласындағы субь-

ектілерді біріктіретін бірегей жоба. Ол туристерге Алматыдағы қолжетімді туристік инфрақұрылымдар туралы толық мәлімет ұсына отырып, ыңғайлы туристік қызмет ұсына алады. Бұған қоса, «Алматы Туризм Бюросы Almaty PASS туристінің бірыңғай билетін енгізуді де жоспарлауда. Туристер бір ғана Almaty PASS билетіне қол жеткізу арқылы барлық туристік нысандарды аралауға мүмкіндік алады» дейді Камила Лұкпанова ханым.

АЙМАҚТЫҚ ТУРИЗМ
АССОЦИАЦИЯСЫ

Жоғарыда атап өткеніміздей, баспасөз жиыны Орта Азиядағы туризмді дамыту мәселесін басты тақырып еткен болатын. Осы бойынша Қырғыз Республикасынан арнайы келген сала expertі Мақсат Чаки өзінің жаңа идеясын ұсынды. Ол Орта Азия елдеріндегі туризм үшін бірегей артықшылықтарды біріктіру үшін Аймақтық Туризм Ассоциациясы сынды ортақ механизм құруды ұсынды. Оның пікірінше,

аймақ өзінің осы саладағы мол мүмкіндіктерін пайдалана алмай отыр. Әлемдегі жүз миллиондаған туристердің жоқ дегенде 3-5 пайызын Орта Азияға тарта алатын болсақ, бұл аймақ елдері үшін үлкен табыс екенін айтады. Сол үшін аймақ елдері бірлесіп жұмыс істеуі керек, себебі оларда ортақ мәдениет кеңістігі, ортақ тарих, тіпті ортақ менталитет те бар. Оның үстіне қазір әлем кезген саяхатшылар бір реткі туристік маршруттарында бір ғана елмен қанағаттанбайтын болған. Қырғыз еліне барған бір турист 4-5 күннен кейін аймақтағы екінші бір елді көргісі келеді. Туристердің бұл ынтасын аймақтың туризміне қызмет еттіруге болады деп санайды.

ТУРИСТІК ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
ҮЛКЕН НӘТИЖЕГЕ ЖЕТКІЗЕДІ

Сарапшы жаңа идея ұсынды: «Білесіздер, аймақтың туризмді дамыту үшін қандай да бір ортақ құндылықты брэнд, яғни өзінің туристік өнімі ретінде ұсына білуі керек. Бізге, Орта Азия елдеріне ортақ қандай брэнд ұсынуға болады десеніздер, Жібек жолын атар едім. Иә, Жібек жолы Қытайда басталса да, мейлі қайда басталса да тарихта оны негізгі жүзеге асырушы біздер, ортаазиялықтар болдық. Бұл біздің туристерге ұсынатын ортақ өніміміз болуға әбден лайық», – дейді Мақсат Чаки. Ол аймақ елдері арасында, тіпті қалалары арасында туризм саласында ынтымақтасу үлкен нәтижеге жеткізетініне сенеді.

Бұдан тыс Алматы қаласындағы және қала маңындағы туристік нысандарды жаңарту, кемелдендіру іс-шаралары жасалуда. Саяхатшыларды көбірек қызықтыратын тау жолдарында, шатқалдар мен Алатаудың тепсеңді түбектеріне қалытқылар, күркелер, орындықтар мен арнайы тамақтанатын ыңғайлы орындар жасалды. Тіпті, Алма-Арасан, Көкжайлау сынды туристердің ең көп жүретін аумақтарына алтыбакандар мен қазандықтар да орнатылған. Бұның бәрі қаланың туристеріне жайлылық ұсынуға жасаған іс-шараларының қатарында. Келер жылы бұл іс-шаралар өз нәтижесін тіпті де жоғары деңгейде көрсетеді деген сенім бар.

● КЕРЕК ДЕРЕК

- Биыл сәуірде Алматыда Орталық Азиядағы ең ірі KITF–2023 «Туризм және саяхат» туристік көрмесі өтті. Іс-шараға туризм саласының 2 мың өкілі, әлемнің 22 елінен 200 компания қатысты. Сырттай қатысушылар саны 4100-ден асты.
- 29 қыркүйек пен 2 қазан аралығында мегаполисте «Mount-Fest» тау туризмі фестивалі өткізілді. Оған 1800-ден астам адам қатысты. Тау туризмін дамыту бойынша спорттық іс-шаралар мен форумдар өтті.
- 10 қазанда оңтүстік астанада отандық және шетелдік танымал 11 сарапшылар қатысқан «Тұрақты қонақүйлер – туристік брендтің негізі» тақырыбында VI қонақүй форумы өтті.
- 4-5 қарашада Алматы халықаралық деңгейдегі аспаздар мен food-блогерлерді қарсы алды. Олардың қатысуымен гастрономиялық туристік фестиваль өтті. Оған 15 мыңнан астам турист қатысты.
- 27 қарашада «WHERE TO EAT Kazakhstan» алғашқы мейрамхана сыйлығы таратылады.
- Алматының туристік компаниялары халықаралық бейіндік көрмелерге, роуд-шоу форматындағы іс-шараларға қатысады. Туристерді қабылдау бойынша ірі серіктестермен B2B кездесулер өткізеді.
- Биыл алыс-жуық шетелдерде 8 Road-show өткізілді.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«ЖАСАНДЫ
ИНТЕЛЛЕКТ»суретші ме, әлде
машина ма?

Өтетін орны:
ҚР-ның Орталық
мемлекеттік мұражайы.
Күні мен уақыты:
25-26 қараша, сағат
09.00–18.00.



«ҚҰЙЫН»

Өтетін орны:
М.Әуезов атындағы
Қазақ ұлттық драма
театры.
Күні мен уақыты:
25 қараша, сағат
18.30.



«ҰЛ»

Өтетін орны:
Театр сахнасы.
Күні мен уақыты:
25 қараша, сағат 19.00.



ЖОЛСАПАР

ТҮРКИЯДА ОҚЫП ЖҮР, ТАЛАЙ ҚАЗАҚ БАЛАСЫ...

Былай ойланып қарасақ, бәрі керемет болуға ұмтылады. Болсын-ақ, ешкімнің оған дауы жоқ. Алайда, туған жер, Отан-ана деген сезімдер адамның жас күнінен бойында болғаны абзал. Себебі, сыртқа барғанда бәрібір келімсек атанасыз. Сырт жақта өзінің жеп отырған нанын ешкім бөліп бере қоймайды. Осыны да бір сәт ұғынып қойған дұрыс.



Олжас ЖОЛДЫБАЙ

АҚЫЛДЫ ЖАСТАРДАН АЙЫРЫЛМАУ КЕРЕК

Қазақтың небір білімді, білгір, алғыр жастарының өзінің атақонысында өсіп-өркендегенін құптаған болар едік.

Жол түсіп Анкара жастарымен жүздестік. Жап-жас ұл-қыздар оқып, білім алып жүр. Бәрі де қазақ. Көбісі бойжеткен мен бойдақтар. Оларға онда бас-көз болып отырғандарды байқамадық. Қайткенде де есті адамға құлақ асады ғой. Түрік бауырлар елден барған азаматтардың құрметіне бір тамақ, бір түрік шәйін берді. Бас-аяғы 30-40 адам жиналды. Әңгіменің тоқетері – оқуыңызды тәмамдап елге қайт.

Біз өз жастарымызға өзіміз еге болмасақ, сыртқа барып, сонда сіңіп кетеді. Онда бізде демографиялық тоқырау болады. Басы істейтін, епті жастар өзімізге ауадай қажет. Жерасты байлығына сеніп отыра беруге еш негіз жоқ. Өйткені, барлық нәрсенің шегі бар. Мейлінше жастарға қамқорлық қажет. Қазақтың қызы шетелдікке тұрмысқа шығып, ұлы өзге елге сіңіп кеткендігін қаламаймыз. Бұрынғылар «ұл бұзылса – отбасы, қыз бұзылса – ұлт бұзылады» деп бекер толғанбаған. Ойланатын кез жетті.

ҚАЙРАН, ҚАЗАҚ ТІЛІМ!

Әлемнің қай бұрышына барсақ та, жерлестерді жүздестіреміз. Бір қуанып қаласыз. Көзіне оттай ыстық басылады. Алайда, кейбірі біліп тұрып, бақырайып өтіп кетеді. Сәлемінді алмайтынын қайтерсің?! Ішін ұдай ашиды.

Сыртта қыдырып, оқып жүргендердің басым көпшілігі орысшаға бейім. Қазақ бола тұра, орыс тілінде шүлдірлейді. Оның қытай, жапон, корей еместігін шетелдіктер әлдеқашан ұғынған. Ол өзіміздің қарақөздер. Анкара, Стамбулдың көшелерінде кезіп жүрген қазақ жетерлік. Қазақша тіл сындырмаған, бірақ түрікше, ағылшыншасы тастай. Яғни, қай тіл қажеттілік тудырады, талап етеді, соны 3-6 айда үйреніп алған. Көбісі Теріскейдің жұрты. Осылайша талай қазақ баласын Түркияда жолықтырдық. Көшелерде топтасып кетіп бара жатқанын көреміз. Бір қарағанда қазақ екенін көресіз, білесіз, сезесіз. Көзге ыстық көрінеді. Жанына жөн сұрап бара қалсаңыз, тыржиып орысша тіл қатады. Тіпті, ортақ WhatsApp топтарына да қосылдық. Көбі біздің тілде жазбайды, түсінгісі келмейді. Өз тіліне деген құлық жоқ. Олай болатыны, қажеттілік болмай тұр ғой. Егер де шетелдегідей бізде де талап етіп, іс-қағаздың бәрі түгел мемлекеттік тілде жүрсе, жұрт күрт ойланар еді. Сұрауы бар дүние жерде қалмасы анық. Қайран, ана тілі, қашан қадірің артар екен.

Жазушы Шерхан Мұртаза «Тілі бар халық – халық, тілі жоқ халық – балық» деген екен. Соның кері келіп тұр. Азаттықтың төртінші онжылдығына қадам бастық, бірақ ана тілді қатырмадық!

НАРЫҚТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ӘЛЕГІ-АЙ!


Капиталистік қоғам адамның басын анда-мұнда әуре-сарсаңға салып жатыр. Жеке басқа күн көру алдыңғы қатарға шықты. Арабтар «мұнайды Жаратқанның

бергені» десе, Батыс елдері «жогарыдан келген жаза» деп қарайтын көрінеді. Бізге аталған қос қанатты сөз теңдей әсер етіп келеді. Арғы жағы айтпаса да түсінікті.

Дамыған елдерде аса ауқатты адамдар кемеліне келген соң жұртқа қайырымдылық жасай бастайды. Соншама дүниемүлкінің бір бөлігін ел-жұртқа береді. Баяғы қазақтың байлары да бір-бір ауылды асырап-бағып, шашау шығармайтын. Сол игі қасиеттен ада болып қалмасак екен.

Сыртта оқып жүргендерге бір жағынан ризамыз. Оқуымен қатар сырттан елге әртүрлі заттар салып жүреді. Алып-сатумен айналысады. Сөйтіп, тіршіліктің қамына кіріседі. Алыс ауылдан шығып, шетелде кәсібін жасап, ата-анасы, бауырларына көмектеседі. Әйтпесе, өз жерін тастап шет ауып несі бар. Бәрі қаржыға келіп тіреліп тұр ғой.

Осы күні тіршілік етіп жатқан жандарға алғыс шексіз. Дейтұрғанмен, алаңсыз байлықтың соңына түсіп, дүние қуып кеткен қалай болар екен?! Бар жиған-тергенің, өйтіп-бүйтіп тапқаның бұ дүниеде қалады. Адамның кеденің өткенмен мәңгілік өмірдің өткелінен бар байлығын арқалап өткен ешкім болған емес. Халқымыздың дүниетанымында «барымды алсаң да, пейілімді алма» деген ерекше ой-пайым кездеседі. Не де болса, парасат биігінде қалғанға не жетсін?! Иә, ауқатты болыңыз, жақсы өмір сүріңіз, қолдан келсе кәсіппен айналысыңыз. Сыртта оқып, жұмыс істеп, тәжірибе жинақтап, ең соңында туған елдің қадіріне жұмсаңыз. Сонда елжанды азамат атанасыз.



Өз уағында күллі араб әлеміне өмірін жүргізіп, Мысырдың падишаһы болған Сұлтан Бейбарыс бабамыз жусанның иsін із-

деп, көке сөзі құлағында қалып туған жеріне қоныс аударыпты деседі. Әр аңыздың түбінде бір шындық бар. Тегін емес шығар.


P.S.

Біздің мақсат қазақтың әр перзенті сауатты, білікті, өр рухты, ең бастысы, отаншыл болса дейміз. Жаһанды кезіп, қажеттіні бойға жинап, білген тәжірибесін өз елінде бөліссе екен. Біздің сан ғасырлық өткеніміз әлі талай зерделеу мен зерттеуге тұрарлық. Біз небір ғажайып ғаламаттарға лайықпыз. Соған бірлесіп жетейік, сол күндерде бірге ғұмыр кешейік. Қазақ елінің алар асуы алда болсын, көрер жарығы мәңгі болғай!

НЕ?


ҚАЙДА?

ҚАШАН?



КЛАССИКА ПАРАҚТАРЫ

Өтетін орны:
Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театры.
Күні мен уақыты:
26 қараша, сағат 18.00.



The Best of Beethoven

Өтетін орны:
Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы.
Күні мен уақыты:
26 қараша, сағат 18.00.



«БАЯНСЫЗ БАҚ»

Өтетін орны:
Ғ. Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры.
Күні мен уақыты:
26 қараша, сағат 18.30.

Әзірлеген
Нұр ЖАМАЛ.



● АЛМАТЫНЫ БАСҚАРҒАНДАР

КҮЛӘШ АҚЫН НЕГЕ ӨЛЕҢ ЖАЗДЫ? АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕК НЕГЕ ТОЛҚЫДЫ?

немесе кәуапханаға айналған Көктөбе және басқалар туралы

Кісінің ұлан-ғайыр білімі ел игілігіне жұмсалуды керек. Болмаса кісі баласы сонша білім мен ілімді не үшін жияды? Әркім де өз саласында білімді, білгір әрі жан-жақты болса, халық үшін одан өткен бақыт жоқ. Білімсіз-біліксіздер ғой, билікке қия жолмен емес, тура жолмен келуді ойлайды. Басшы адамның ісі ел көңілінен шықса, ол – ең алдымен, оның білімпаздығы, талғампаздығынан.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Дүниені шарлап жүрсек те, күнде жерін басып жүрген Алматыда 19 өзеннің барын білмейміз. Тарихты білмекке деген құштарлығың бір кісідей болса да Алматыны сақ қорғандары қоршап тұрғанын, оның таяу жылдарда Атыраудағы Сарыайшықтай ғажайып пантеонға айналуы керектігін де сезінбейсіз. Қысқасы, Алматы мен Антальяның ортасында шапқылап жүріп, аяулы Алматымызды естен шығарып алыпсыз. Іле-шала «Алматы ақшамында» «Қала құндылықтары» деген айдар ашып, шаһардың тарихын түгендеуге бет бұрдық. Айтпағым, Алматыға Тасмағамбетов келмесе, кембағал боп қалғандай екеніміз.

Тасмағамбетовпен берге Алматыға күмбірлеген, күрсінген күй келді. Күй дегеніміз, РУХ қой. Демек, рух келді қалаға. Әкемтеатрда 250 күйден тұратын күйтабақ тұсауын кесті. Көктөбеде «Күй-керуен» атты республиканың балбармақ күйшілерінің басын қосқан фестиваль өтті. Бұдан бұрын кәуапханаға айналып кете жаздап, 50-ден астам жекеменшік фирмалар төбесіне шығып, білгенін істеп, тіпті сығандар мен қаңғыбастардың мекеніне айналған Көктөбе бағы қалпына қайта келіп, рухани-мәдени орынға айналды. «Күй-керуен» де сол Көктөбеде күркіреп өтті. Сол күндері не нәрсеге болсын оңайлықпен тамсана бермейтін аса талғампаз, энциклопедиялық білімнің иесі, ғұлама Ақселеу Сейдімбектің ерекше толқуды бастан кешкенін де көз көрді. Сөйтіп, Иманғали келіп иманға жақындадық. Әсіреледі деменің, енді болғанда Алматы орнынан «жылжып» кеткендей екен.

Имекеңнің Алматыға келе сала қолға алған 28 бағдарламасының қай-қайсысы да даусыз қолдауға тұрарлық еді. Оның кейбірі күні бүгінге дейін жалғасып жатыр. Соның ішіндегі өзіме ерекше ұнағаны – «Алматы өзендері». Осы бағдарлама Алматының өкпесін тазартты. Алматы Петербор тәрізді Неваның, Париж секілді Сенаның, Астана секілді Есілдің жағасында тұрған жоқ. Бірақ бұл бағдарламаның да солай істеуге болады деген ниеттен туғанына сөз жоқ еді. Солай болды да.

Алматыға жылдар салып оралған осынау рухани серпіні, жылы ағыстар қарапайым қала тұрғынымен қоса, оның өнердегі озық өкілдерін де алабетке күйге бөледі. Күлш Ахметова ешқашан дежурный өлең жазып көрмеген ақын. Оқырман тарапынан жоғары бағасын алған су симфониясы іспеттес Алматы фонтандарына арнаған 17 шумақтан тұратын өлеңі бұдан бұрын жазылған «Алматының көз жасы» атты атақты өлеңінің ғажай түйініндей болды.

Ол тұста Алматыға орыстық атауларды қойып, батыстық атаулар да ентелей бастаған еді. Бірде Имекең «Манхеттен» деп аталатын тұрғын үй кешенін аралады. Қалт еткен бір сәтте Нұрлан Смағұловқа қарап: «Мынау атты өзгерту керек. Атауы ұлттық болсын. Ұлттық атау – ұлық атау. Егер өздерің ат таба алмай жатсаңдар, мектеп оқушыларының арасында конкурс жарияландар. Олар тез тауып береді», – деді. Көпшілікке мәлім болғандай, бұл атау кейін «Сайран» болып өзгертілді. Жалпы, Имекең атау мәселесімен айналысатын қалалық ономастика комиссиясының жұмысын жаңа арнаға бұрды. Қаланың тілін мемлекеттік тілге көшіруге пәрмен берді. «Алматы қазақыланбай, Қазақстан қазақыланбайды» деген атақты сөзі сол кезден қалған.

Қай кездегідей әкімшілікте түрлі мәселеге арналған жиналыстар көп болады. Сондай жиынның бірінде ол кісі: «Мен жүз жыл, мың жыл жасайтын шайтан емеспін. Бірақ бір ғана нәрсені білемін, оны бәріңіз де білесіздер. Біз бұл жерде қанша уақыт отырсақ та, сол аралықта үлгергенімізше үлгілі іс атқарып кетуіміз керек. Маған жақсы атты болу оп-онай. Мына терезеден қараңыздаршы. Бәрі әп-әдемі, тип-тыныш, мүлгіп тұр. Маған да өзімді-өзім алдап, бәрі де осы жердей тап-таза, әдемі деп, салығымды жинап, ешкімнің аяғын басып кетпей отыра беруіме болады. Заңсыз құрылыстар салына берсін, ешқандай құрылысты бұзбай-ақ қояйын. Базарына да, Бақайына да, Шаңырағына да тиіспей, командировкаға келгендей, тип-тыныш кетуіме болады. Түсінесіздер ме, менің табиғатым ондайға шыдай алмайды» дегені бар. Бұл Имекеңнің жоғары жақ оған тайлы-таяғымен жабылып жатқанда айтқан сөзі еді. Соған қарамастан, аз уақыттың ішінде тәуекелге барып, көптегі қара нардың ісін жасап, Алматының екінші тынысын ашып кетті. Осы күндерде Шерхан Мұртазаның «Алматы ақшамының» тілшісі Ержан Байтілеске берген сұхбаты әркімнің көкейіндегі ойды дөп басқан еді. Міне, былай:

– Тасмағамбетовке рахмет. Ол – қолынан іс келетін, ұлтқа жаны ашитын жігіт. Өткен, Алматыға кеш келген адам. ...Бірақ тағы да айтамын кеш келді. Осыдан бес-алты жыл бұрын келуі керек еді. Сенің Алматың Авгийдің ат қорасына айналған. Ал Тасмағамбетов соны тазартуға келген батыр – Геракл. Рақмет оның істеп жатқан әрекетіне. Нұр жаусын! Тілектеспіз.

...Тасмағамбетов үлкен қайраткер адам. Білімді, білікті азамат. Бірақ та жалғыз ғой. Жұмыс істетсек жақсы. Оны қолдайтын адамдар көп болуы керек...

Бұдан артық қалай айтуға болады?!

Қ.ҚОШҚАРУЛЫ.

● ЗИЯЛЫМЕН ӘНГІМЕ

БЕЙБІТ КҮНДЕ ЕҢ ҚҮДІРЕТТІ ҚАРУ – ҚАЛАМ

– Думан Әміргалиұлы, өзіңізбен ҚазМУУ-де қатар оқыдық. Оқуды бітірген соң «Халық кеңесі», «Қазақ әдебиеті» секілді белді басылымдарда қызмет еттіңіз. Мемлекет, халық, діл, дін, тіл, өнер, әдебиет туралы өрелі мақалалар жаздыңыз. Еткен еңбек, төгілген тер текке кетпейді ғой, жақсы атыңыз шықты, абыройға бөлендіңіз. Алдымен қалың көпшілікке жампоз журналист ретінде танылдыңыз. Ел-жұрт, міне, өзіңізді әдебиет айдынындағы өресі биік жазушы деп те біледі. Осы екеуінің жаныңызға қайсысы жақын: журналистік пе, жоқ әлде, жазушылық па?

– Ниет-пейіліңізге рахмет! Шынымды айтсам, бала кезімде жазушы болу үшін Журналистика факультетінде оқу керек деп ойлайтынмын. ҚазМУУ-дің Журналистика факультетіне құжат тапсырғаным да сондықтан. Құдай қолдап, оқуға түстім. Оған еш өкінбеймін. Өзің айтқандай, журналист болдық. Хал-қадерімізше жазарымызды жаздық, айтарымызды айттық. Елдік, ұлттық, халықтық мәселелерді көтердік. Біздің қызметке араласуымыз ел тәуелсіздігіне тұспа-тұс келді. Елдігіміз шайқалмасын, тәуелсіздігіміз баянды

Думан РАМАЗАН, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, жазушы-драматург:

ҚАЗАҚҚА ҚАЗАҚТАН

болсын деген ниет-пейілмен көкейімізге кептелген кептерді жаздық, айттық. Мәселен, тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары «Қазақ әдебиеті» газетіне «Жер сатылмасын!» деген проблемалық мақала жаздым. Кейіннен бұл мәселенің ушығып кеткенін білесіздер. Сол кезде бір жамандықты сезген сияқтымын. Қазақтың баласы болғандықтан еліміз бен халқымыздың тағдырына, болашағына алаңдайсың. Бәрі жақсы болса екен дейсің. Кемшіліктерді батыл сынап-мінедік. Еліміз бен халқымыздың рухани түлеуіне тамшыдай болса да өз үлесімізді қостық деп сеніммен айта аламын. Сол өтпелі кезеңде журналист болғанымды, ұлттық мәселелерді көтергенімді, елдің сөзін сөйлегенімді мақтаныш етемін. Себебі, бейбіт күнде ең құдіретті қару – қалам ғой! Оның үстіне сөздің өз құдіреті бар. Ал жалпы алғанда жазушы боламын деген адамға журналист болу міндетті емес. Қазақстанда таза шығармашылықпен айналысып, дәлірек айтсақ, тек көркем шығарма жазып, отбасыны асырау мүмкін емес. Амал жоқ, еріксіз қызметке байланысың. Әйтпесе, көштен қалып, тіпті аштан өліп қалуың да ғажап емес. Егер таза шығармашылықпен айналысып, құрығанда отбасыңды асырайтындай ақша таба алсаң, басқа қызметке жегілудің не керегі бар.

– Әдебиетке журналистиканың соқпағынан келдіңіз. Бүгінде осы жағдайды теріс бағалайтындар да табылды. Құдды, тумысынан жазушы болатындай...

– Сенсеңіз, жазушы болуды бала кезден армандадым. Жастайымнан өлең, әзіл әңгімелер жаздым. Оқушы кезімде аудандық газетке мектеп өмірінен хабар-ошар жазып тұрдым. Үлкен журналистикаға «Соңғы дем» әңгімем алып келді. Үшінші курста оқып жүрген кезімде «Халық кеңесі» газетінің сол кездегі басшылары осы шағын шығармаларды ұнатып, қызметке шақырды. Сол басылымда шыңдалдым. Жап-жас кезімде сенім артып, қызметке қабылдаған «Халық кеңесі» газетінің сол кездегі бас редакторы Сарбас Ақтаев ағама айтар алғысым шексіз. Қазір ойлап қарасам, үлкен жақсылық жасапты ғой!

«Халық кеңесі» жабылып қалған соң, «Қазақ әдебиеті» газетінде қызмет істеу бақыты бұйырды. Журналистік һәм жазушылық тағдырыма даңғыл жол ашылды. Журналистік мақаланы да көркем шығарма сияқты жазатынмын. Сондықтан жазушылыққа журналистиканың салқыны тиген жоқ деп ойлаймын. Ал ұзақ жыл журналист болып істеп, содан соң жазушылыққа келгендерде стильдік жағынан кемшіліктер, көркемдік тұрғысынан шікіліктер болуы мүмкін. Бәлкім, сынайтындар соны айтатын шығар.

ДАНДАЙСУҒА НЕГІЗ ЖОҚ
– Журналистикаға қалай келгеніңізді білдік, жазушылық жолыңызға сәттілік тілеп, қолдау білдірген ағаларыңыз болды ма?

– Мен ағаға жарыған адаммын. Жас кезімнен «Қазақ әдебиетінде» істегендігімнен болар, аға буын ақын-жазушылармен ертерек араластым. Шарапаттарын, қолдауларын, жақсылықтарын көп көрдім. Бәрі де арқамнан қағып, маңдайымнан сипады. Кезіккен сайын жылы сөздерін айтып жататын. Кейде ойлаймын, ағаларым менен көп үміт күтті-ау деп. Сол үміттерін ақтай алдым ба?.. Айту қиын.

– Шығармашылығыңды көркем әңгіме, таңғажайып хикаялардан бастап драмалық тарихи құнды дүниелерге де қалам тартуыңның өз мәнісі болар. Тіпті, Мемлекет басшысының өзі «Жошы хан» спектаклінің премьерасын көргенінен хабардармыз.

– Шыны керек, жастайымнан тарихқа қызығып өстім. Тарихи еңбектерді көп оқыдым. Тарихи шығармалар жазуыма солардың да әсері болған шығар. Әрине, жазған дүниенді Президенттің өзі келіп көруі, он бағасын беруі қуанарлық жағдай. Айтулы оқиға. Сәттілік. Мерей. Ол үшін ел басшысына айтар алғысым шексіз. Бірақ бұл мәңгілік бақ, түпкілікті жеңіс

емес. Нағыз бағаны халық, келер ұрпақ береді. Тірі кезінде атақ-даңқ пен сый-құрметке бөленіп, көздері кеткен соң, ұмытылып қалғандар қаншама. Сондықтан дандайсуға негіз жоқ.

– Елуді еңсеріп қалған қалған ұрпақ өкіліміз. Бергеніңізден берері мол қаламгерсіз. Оқырман қауым әдебиеттегі ендігі бағытыңызды білгісі келеді. Немен қуантып, неге сүйсінесіз?

– Қазір негізінен көп уақытымыз жазуға емес, оқуға арнап жүрмін. Көбінесе шетелдік қаламгерлерді оқимын. Он жай «Әлем әдебиеті» журналында қызмет істегендіктен әлем әдебиетінің классиктерін бір кісідей білемін. Енді шет елдердің қазіргі айтулы жазушыларының шығармаларын оқып жүрмін. Қазіргі үнсіздігімнің құпия-сыры сол. Жазуға деген жауапкершілік артты, талап күшейді. Өзіме сын көзбен қарай бастадым. Құдай амандығын берсе, әртүрлі бағыттағы шығармалар жазамын. Эксперименттер жасаймын. Бұдан былай белгілі бір тарихи тұлға туралы жазбаймын. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары тарихи шығармалар ауадай қажет болды. Жаздым. Түсінетін адам болса, сонымен түрлі ойлар айттым. Бәрін атыс-шабысқа, айғай-ұйғайға, құр сөзге емес, ойға құрдым. Тіпті, кейінгі Шыңғыс хан мен Жошы хан туралы жазған тарихи драмаларда да соғыстың өзі түгілі, ұшқыны да жоқ. Негізінен ойға құрдым, философияға иек арттым. Көптің көңілінен шыққаны да сондықтан болар деп ойлаймын. Ел-жұрт жақсы қабылдады ғой! Шығармашылық адамына бұдан артық не керек?! Енді ондай тарихи шығармаларға аса қажеттілік жоқ. Романдар жазбақ ойым бар. Әйтеуір бойымыздан қуат кеткенше қолымыздан қаламымыз да түспейді ғой!

– Кейінгі жас ақын-жазушылардың шығармашылығына қатысы ой бөлісе отырсаңыз.

– Жас ақын-жазушыларды үнемі қадағалап оқып жүремін. Аттарын атап, түстерін түстемей-ақ қояйын, өйткені өте көп. Арасында үздіктері бар, орташалары бар, нашарлары бар. Бәрінің аяқ алысын білемін. Бәрі көкейімде сайрап тұр. Ең басты ұнайтыны, көбісі ізденеді, қазынады, бұл шығармаларынан байқалып тұрады. Жаңаша жазғысы, жаңалық жасағысы келеді. Меніңше, шығармашылық адамына ең басты керекті де осы. Бірақ оларға баға беруге әлі ертерек, кесіп-пішіп пікір айтуға да болмайды. Мәселен, кейбір жақсы жазып, жарқырап көріне бастаған жас прозашылар қазір мүлде жазбай кетті, көрінбей қалды. Енді олардың бір жерден жарып шығарына сенбеймін. Қателессем, қуанар едім.



БАСҚА ЕШКІМНІҢ ЖАНЫ АШЫМАЙДЫ

Шығармашылық та бір бөйге. Шу дегенде алға озып, орта жолда өкпесі өшіп, соңынан шаң қауып қалатын ұшқырлары бар, алғашында байқалмай, соңынан жеңімпаз атанатындар бар, қыза шабатын дүлдүлдер де қаншама. Жалпы алғанда, жоқ емес, бар. Тіл-көзден сақтасын, таланттар жетерлік. Бәріне шығармашылық шабыт пен табыс тілеймін!

ЖАУТАҢДАП АЛАҚАН ЖАЯСЫҢ, ТЕНДЕРГЕ ТЕЛМІРЕСІҢ

– Сіз осыдан бірсыпыра уақыт бұрын Жазушылар одағында, «Жұлдыз» журналында қызмет еттіңіз. Біздегі әдеби басылымдарға көңіліңіз тола ма? Қазіргі әдеби сынның деңгейі қалай?

– Сырт адам болсам, «көңілім толмайды» деп кесіп айта салар едім. Бірақ мен ішінен шықтым ғой. Жағдайды беске білемін. Мәселен, «Жұлдыз» журналының бір жылда он екі саны шығады. Ал Жазушылар одағының дәл қазір мыңға тарта мүшесі бар. Біреуінің шығармасын бермей қалсаң, пәлеге қаласың. Оның үстіне мерейтойлық мақалалар көп келеді. Біреуін жарияламашы, басың дауға қалады. Оның үстіне кез келген басылым өз күнін өзі көре алмайды. Бұрынғыдай көп ешкім жазылмайды да. Еріксіз мемлекетке жаутаңдап алақан жаясың, тендерге жүгінесің. Әрине, қаржы түседі. Бірақ кейде бір журналдың жетпіс пайызын сол тендердің мақалалары алып кетеді. Ал оларды бермесең, ақшадан қаласың. Жылда солай. Одан кейін басылымдарға қандай кінә артуға болады?! Еріксіз құбатөбел нөмірлер шыға береді.

Ал енді әдеби сынның дамуы кешеуілдеп жатыр. Талантты, білімді, білікті жас сыншылар өсіп келеді. Олардың да жазғандарын қалт жібермей қадағалап жүреміз. Білімдері, түйсіктері, қарым-қабілеттері бар, жақсы-ақ жазады. Неге екенін білмеймін, көбісі әлі толық ашыла алмай жүр. Кейбірі мүлде жазбай етті. Бәлкім, сынға, сыншыға мемлекет тарапынан еш көңіл бөлінбейтіндіктен шығар. Шіркін, сондай жас талантты сыншыларға мемлекеттік тұрғыда жеткілікті дәрежеде көңіл бөлініп, алаңсыз шығармашылықпен айналысуға жағдай жасалса ғой, берерлерін беріп, жазарларын жазар еді ғой! Бәрібір сол жастардан көп үміт күтемін.

– Сізді қоғамымызда ерекше толғататын не нәрсесі?

– Еліміздің болашағы, қара халықтың жайы, қоғамдағы кемшіліктер ойландырмай қоймайды. Ең бастысы, ел аман, жұрт тыныш болса екен. Жасырып-жабатын несі бар,

Қазақстанның қазына-байлығының қызығын осы уақытқа дейін шетелдік алпауыттар мен биліктегі бишікештер ғана көріп келді ғой, енді жалпы халық көрсе екен деп армандаймын. Мемлекетіміз нығайып, халықтың жағдайы жақсарса. Биліктегілер осы жағына көбірек көңіл бөлсе екен.

– Қазақ қоғамы қазақ баспасөзінен алшақтап қалғандай. Мұның сыры неде?

– Біріншіден, шынын айтқанда, қазір жұрт кітап пен газет-журнал оқымайды. Бір жағынан көпшілігінің газет-журнал оқитын уақыты да жоқ. Күні бойы тырбанып еңбек етіп, нәпақаларын солай тауып жүр. Олар газет-журналды қайтсін, түсінуге де болар. Заман солай сабылыстырып қойды. Екіншіден, басылымдарды тарату жағы мүлде ақсап жатыр. Жазылған газет-журналдың бір аптадан, тіпті кейде бір айдан кейін әкеледі. Қазіргідей ақпараттар тасқыны кезінде ондағы жазылған жайлардың маңызы жойылып, жаңалығы ескіріп қалады. Осыдан кейін мерзімді басылымдарды кім жаздырып алады?! Неге екенін тағы да білмеймін, дәл қазіргі уақытта газет-журналдардың сапасы да көңіл көншітетіндей болмай тұр. Оның үстіне жұрт танымдық, проблемалық, ойлы дүниелерден гөрі, өсек-аяңға көбірек үйірсек болып кетті. Ал жастар жағы кітап, газет-журнал оқығаннан телефон шұқығанды жақсы көреді. Әлеуметтік желілердегі арзанқол жазбаларды көп қарайтын болды. Бар уақыттарын сонымен өткізеді. Әрине, өкінішті.

– Ұлтымыздың болашағын қалай елестетесіз? Біздің қазақ өресі биік әдебиет пен өнерді ысырып қойып, думан-тойға көбірек ден қойып кеткен жоқ па?

– Шынында да дәл қазір солай болып тұр. Жалпы, болашағымыздың қалай қалыптасары халықтың өз қолында. Бірақ оған да бас қатырып жатқан көп ешкім жоқ. Бәріміз бүгінгі күнмен өмір сүріп жатырмыз. Есіміз шығып кеткен. Не істерімізді өзіміз де білмей қалдық. Тіпті, бір уақ ойлануға уақытымыз да, құлқымыз да жоқ. Енді ес жимасақ болмайды. Әйтпесе, елдігімізден айырылып қалуымыз мүмкін. Қазаққа қазақтан басқа ешкімнің жаны ашымайды. Осы қарапайым қағидамыз түсінетін кез келді.

ЖАҚСЫ ШЫҒАРМА ҒАНА ҚАЛАДЫ

– Бізде қазақ әдебиетінің алыптары қалыптастырған дәстүрлі жазу үлгісі бар. Бұл жаңаша жазуға, жаңашылдыққа ұмтылмау керек деген сөз емес. Сіз де дәстүршіл жазушысыз, бірақ шығармала-

рыңыздан жаңашылдықтың лебі есіп тұрады. Мәселен, бір ғана «Көш» әңгіменізді алайықшы. Өзіміз өмір сүріп жатқан қоғамымызды айнадағыдай айнытпай сипаттаған, кемшіліктерін бүге-шігесіне дейін ашып көрсеткен, түрлі ойларға жетелейтін дәл осындай астарлы, аллегориялық шығарма бұрын-соңды жазылды ма? Өз басым білмеймін. Жалпы, дәстүршілік пен жаңашылдықты қалай түсінесіз?

– Өз шығармамды өзім мақтамай-ақ қояйын. Дегенмен, бір нәрсе анық: тамырсыз ештеңе өсіп-өнбейді. Құдай дәстүрсіздіктен сақтасын. Бәрі де сол өз топырағыннан жаралуы керек. Әрбірден соң әр жаңа шығарманың өзі – жаңалық. Әрине, жаңаша жазуға, жаңа бір өрістерге ұмтылу керек. Дегенмен, дәстүрлі және жаңашыл жазсаң да, шығарма жақсы болу керек. Қанша жаңашылдық әкелсең де, ертең-ақ ескіреді. Тек жақсы дүние ғана халық игілігіне жарайды. Сондықтан дәстүрлі немесе жаңаша жазу дегеннің өзі де шартты дүние. Жаңаша жазылған, жаңалығы бар дүние екен деп шалажансар дүниені мақтауға болмайды. Ал дәстүрлі жазылған екен деп үздік шығарманы даттауға болмайды. Қандай әдіс-тәсілмен жазылса да сенің дүниеңде нәр болуы керек. Төрт аяғын тең басып, төрт құбыласы түгел болса болды. Мәселен, ән өнерінде неше түрлі дәстүр мен мектеп бар. Жаңа дүниелер туып жатыр. Солай екен деп, халықтық дәстүрлі ән өнерін есептен шығарып тастауға болмайды ғой. Өзінше дами берсін, дамыта берсін. Әркім керегін таңдап алады. Қай әнші мықты, қайсысы халықтың жүрегіне жол табады, сол дараланып тарихта қалады. Ән өнерінің кейбір жаңа бағыттары сәтті бір жаңалықтай

көрінгенімен, көп ұзамай ұмытылып, халық жадынан өшіп қалуы мүмкін. Ал жақсы дәстүрлі әнші халықпен бірге мәңгі жасай береді. Әдебиетте де дәл солай. Мәселе, шығармада. Қандай әдіс-тәсілмен жазылуы міндетті емес, тек жақсы шығарма болса болды. Мәселен, Мұқағали Мақатаевты жаңашыл, реформатор ақын деп айта алмайсыз. Өзі де ақын Өтежан Нұрғалиев оны тіпті «халтурщик» дейді. Менің ойымша, ол да Мұқағали ағамызды жаңаша жазбағанымен, жаңашыл болмағанымен айтып тұрған шығар деп ойлаймын. «Күпі киген қазақтар қара өлеңін, Шекпен жауып, өзіне қайтарамын» деп ақын өзі айтқандай, ескі қалып, көне дәстүр. Бірақ шығармалары қандай ғажап! Жасандылық жоқ, шынайы жазылған жауһар жырлар. Халықтың көңіл күйін тап басып, ерекше шабытпен жырлай білген. Оқырманның жүрегіне жол тапқаны да сондықтан. Жүректі қозғайды, жаныңды тебінгенді.

Міне, өнердің басты шарты осы. Сол себепті, кез келген жаңа туындыны нендей жаңалығы бар, қандай жаңалық алып келді деп емес, қандай шығарма деп бағалау керек. Шығарма жақсы болса болды, оның қалай жазылғаны маңызды емес. Көп адам осы жағынан қатты қателеседі. Кейбір қаламгерлер жаңалық жасаймын деп шатпырақтарға, түсініксіздікке, қойырпаққа ұрынады. Ал соны жаңалығы бар деп кейбір сыншылар мақтайды. Оған кейбір желікпелер ілеседі. Бірақ сол мақтаған дүние көп ұзамай ұмытылады. Өйткені, ол шығарманың жазылуында ма, тақырыбында ма, қалыбында ма, мазмұнында ма, әдіс-тәсілінде ме, шынында да бір жаңалық болуы мүмкін. Бірақ ол жаңалықтардың ешқайсысы шығарманың сапасын айқындамайды. Шығарманың сапасын, жақсы ма, нашар ма, тек шығарманың өзі ғана айқындайды.

– Демек, сіздіңше, шығарманы жаңалығымен өлшеп, бағалауға болмайды. Солай ғой...

– Әрине. Жан-жақты салмақтау керек. Әр тұрғыдан қарау керек. Кейбір шығармаларда ойға басымдық беріледі, кейде мазмұнына, енді бірінде жазылу әдіс-тәсіліне, тіпті әр кезең кейіпкерлерін сомдау үшін жазылатын шығармалар болады. Мәселен, Бейімбеттің Мырқымбайы қандай?! Өлі айтылады. Ғабит Мүсіреповтің «Этнографиялық әңгімесіндегі» төрелердің образын алайықшы. Оқыған адамның мәңгі есінде жатталып қалады. Әлем әдебиеті жауһарларының 250 томдығына жайдан-жай енгізілген жоқ қой. Шын мәнінде, ғажап

шығарма. Осында да жаңалық ештеңе жоқ. Былай қарасаң, тіпті қарабайырлау жазылған. Егер ол шын мәнінде мықты шығарма болса, қалай жазылғаны тіптен маңызды емес. Жазғанында шын мәнінде бір жаңалық болуы мүмкін, бірақ шығарма жоқ. Шығара алмаған. Ондай шығарманы қанша мақтасаңыз да ешкім оқымайды, халық қабылдамайды. Уақыттық қана сөз болуы мүмкін. Егер жаңаша жазылған үздік шығарма болса, онда бағы жанғаны. Біраз уақыттан кейін ол да ескіреді. Бірақ жақсы шығарма болып қалады.

БІЗ ӨТЕ КЕШІРІМШІЛ ХАЛЫҚПЫЗ...

– Қазір заман өзгерді, сонымен бірге адам да өзгерді. Шындықты шырқыратып айтатындар азайып, өтірікті шімірікпей соғатындар көбейді. Сол арқылы түрлі материалдық игілікке жетіп жатқандар бар. Несін айтасыз, жағымпаздар мен сатқындардың дәуірі жүріп тұр. Осы жайт сізді ойландыра ма?

– Әрине, ойландырады. Біз өте кешірімшіл халықпыз. Кешірімнің де шегі бар. Бір адамға жасаған сатқындықты, жамандықты, қысастық-қиянатты, зорлық-зомбылықты кешіруге болар. Бірақ елге, ұлтқа, халыққа жасалған сатқындықты, жамандықты, тас атуды еш уақытта ұмытуға және кешіруге болмайды. Қазақтың басына қара бұлт үйірілген, қуғын-сүргін мен қанды қырғынға ұшыратқан Сталинді де ақтап-жақтайтындар бар. Қорқынышты. Мәселен, кейбір тұлғаларымыздың елімізге, ұлтымызға, халқымызға сатқындық жасаған, тас атқан, қарсы жұмыс істеген кездері болды. Ұлтымызды кемсітіп жатады, ана тілімізге қарсы шығып жатады. Қазақ бола тұра ана тіліміздің мемлекеттік тіл болуына қарсы болғандар бар. Масқара емес пе?!

Ал оларды сынасаң, кейбір рушылдар сол рулас тұлғаны жақтап шыға келеді. Өйткені, олар рулық деңгейде шектеліп қалғандар. Таным-түсініктері сол шамада ғана. Өз руласының ел мен ұлтқа тіл тигізгенін, сатқындық жасағанын көріп-біле тұра оған көз жұма қарап, қателігін айтсаң, өрекіп шыға келеді. Сондай жиірекіністі. Кім болсаң ол бол, бірінші орында ел мен ұлттың мүддесі тұруы керек. Кезінде Жоғары Кеңестің депутаты болғандардың басым көпшілігі жердің сатылуына дауыс берді. Олардың бәрін ел мен ұлттың сатқындығы деп жариялау керек. Беттерін шимандай қылып әшкерелеу керек. Олай болмаса, ел мен ұлтқа сатқындық жалғаса береді. Міне, кешірімділіктің кесапағы да осында.

Мәселен, елімізді отыз жыл билегендер жердің үсті мен астындағы қазына-байлықтың бәрін сатып болып, ақырында киелі жеріміздің өзін сатамын деп әулекіленді ғой. Сол кезде көптеген жағымпаздар мұны қолдады. Тіпті, сол кездегі бір депутат: «Жер киелі болса, үстіне неге сиіп-тышамыз. Сатылсын. Пайдасын көрейік» деп шімірікпей көлгірсіді ғой. Оны әрине, Жер-Анамыздың киесі ұрады. Арты жақсы болмайды. Міне, осындай тексіздер мен сатқындарды халық әшкерелеп, масқаралау керек. Бұндай адамдарға кешіріммен қарауға болмайды. Кешіріммен қарасақ, сатқындар көбейе береді. Ал ол өте қауіпті құбылыс. Бізде онсыз да осындай сатқындар тым көбейіп кетті. Сондықтан оларға қатаң үкім шығару керек. «Ұлт сатқыны» деп мойнына қоңырау байлап, тиісті жазасын беру керек.

– Адам бойындағы асыл қасиеттер жоғалып, мінез-құлқымыз да өзгеріп, тым ұсақталып бара жатқан секілдіміз. Бұның сыры неде деп ойлайсыз?

– Бізде абыройды қызметпен, дәулетпен, атақ-даңқпен өлшейді. Бұл да дұрыс емес. Адамдық болмыс-бітімі мен қасиеттерімен бағалау керек. Кезінде жәдігөйленіп билікке жеткен, жоғары қызмет істеген, депутат немесе ректор болған атақты жағымпаздар бар. Кім екендерін елдің бәрі біледі. Аты-жөндерін атасаң, елдің езуіне күлкі үйіріледі. Ең бейшара, сорлы, міскіндер солар. Өйткені, ар-ұятын, намысын, иманын қызметке айырбастап жіберген. Нәпсі мен құлқынның құлақкесті құлдары. Оларды аяу керек. Өздерінің қалай ұялмайтынына, беттерінің қалыңдығына таңқаламын. Депутат немесе ректор болып кердең қағуы мүмкін, бірақ олар адам ретінде ешкім емес. Тірі өліктер.

Өйткені, рухтарын саудалап, сатып жіберген. Ессесіне, соның игілігін көріп жүр. Жоғары қызметте жүргендерін қайтейін, елге сүйкімсіз, қадір-қасиетсіз ғой! Адам ең алдымен арын сақтау, ұятын сақтау керек. Адамдық тұлға сонымен өлшеніп, бағаланады.

Әңгімелескен
Айнабай МӘДИ.

● МЕКТЕП АСХАНАСЫ



БРАКЕРАЖДЫҚ КОМИССИЯ азық-түлік сапасына бақылау күшейеді

Білім беру ұйымдарына жеткізілгенге дейін барлық өнімдердің санитарлық қорытындылары болуы керек, ал азық-түліктердің жай-күйін бракераждық комиссиялар бақылай алады. Комиссия құрамына ата-аналар мен қамқоршылық кеңес, сондай-ақ мектеп әкімшілігі мен медицина қызметкерлері кіреді.

Бұл туралы ҚР Оқу-ағарту министрлігі хабарлады. Бүгінде Балалардың құқығын қорғау комитеті сапалы тамақтандыруды ұйымдастыру мақсатында білім беру ұйымдарындағы балалардың тамақтану стандарттарын қайта қарады. Өңірлерде шығарылатын отандық өнімдерді пайдалана отырып, ас мәзірін әзірлеуге қатысты қағида енгізілді. Бракераждық комиссиялардың, ведомствоаралық сарапшылық топтардың мүшелері үшін мониторинг топтары қызметінің тәртібі туралы заңнамалық нормалар бекітілді.

Мектептерде тамақтану мәдениетін қалыптастыруға да ерекше көңіл бөлінуде. Әсіресе, санитарлық тазалық пен гигиенаны сақтау, дастархан мәдениеті мен дұрыс тамақтануды насихаттау қолға алынуда. Еске сала кетсек, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша биыл 1 қыркүйектен бастап 1,6 миллионнан астам қазақстандық оқушы, оның ішінде 1,4 миллион 1–4-сынып, әлеуметтік осал топтағы отбасылардан 200 мыңнан астам 5–11-сынып оқушысы тегін ыстық тамақпен қамтылған.

● АЛМАТЫ МЕКТЕПТЕРІ

Аталмыш мектептің білім беруде өзіндік ерекшеліктері бар. Мәселен, мектепте өтетін «ашық есік» күнін ата-аналар асыға күтеді. Өйткені, ата-аналарды тек білім сапасы ғана емес, сонымен қатар балаларды қоршап тұрған атмосфера, тәрбие көзі де аса қызықтыратын көрінеді.

– Биыл 10 қарашада сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін №4 гимназия барлық ата-аналарға есігін айқара ашты. Бұл іс-шараның мақсаты – ата-аналар мен мұғалімдер арасында сенімді қарым-қатынас орнатып, балаларды бірлесіп тәрбиелеу, ата-аналардың өзіндік міндеттерін анықтау және оларды жүзеге асыру. Жалпы, мектеп сайтында хабарландыру жариялағаннан кейін ата-аналар кездесуді асыға күтеді. Әрине, гимназия әкімшілігі мен педагогтар ата-аналарға мекемеде баланың дамуы мен денсаулығын нығайту үшін қауіпсіз, педагогикалық сауатты және психологиялық қолайлы орта құрылғанын көрсетуге тырысады. Бұл күні ата-аналар оқу-тәрбие процесі мәселелері, пәндер бойынша сабақтарға қатысып, педагог-психолог пен пән мұғалімдерінен жеке кеңес алады. Сонымен қатар, мектеп асханасынан берілетін оқушы тамағының сапасы мен құрамымен де танысады, – дейді Сабил Мырзашқызы.

Бұл тұрғыда өздерінің көп жылдық тәжірибелері арқылы табысқа қол жеткізген мектеп мұғалімдері ата-аналарды баласының оқу үлгерімі мен сабаққа қатысуы, тәрбиесі туралы хабардар етіп қана қоймай, сынып-тардағы әлеуметтік-эмоционалдық ахуалдың жай-күйі туралы да кеңінен таныстырады.

– Ақылды, жауапты, мейірімді, жан-жақты балаларды тәрбиелеудің ортақ мақсаты бар! Осы мақсаттарға тиімді қол жеткізу үшін барлық қолдауды ата-аналар мен оқушылар осы гимназиядан ала алады! – дейді ұстаздар да. Өйткені, ұйымшылдық бар ұжым ғана жеңіске қол жеткізеді. Қазіргі таңда мектепте «Ата-ана-оқушы-мектеп» үштігі жүйелі жолға қойылған.

● «ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ

Елімізде балалардың жан-жақты дамуына
барлық жағдай жасалған

Орталық коммуникациялар қызметінің алаңында өткен «дөңгелек үстелде» Қазақстан мектептерінде бұрын-соңды болмаған кешенді қауіпсіздік шаралары жүзеге асырылып жатқаны айтылды.

Балалардың әрбіріне денсаулық, өмір сүру, даралық, білім алу, отбасылық тәрбие, демалыс пен бос уақытты пайдалануға барлық жағдай жасалған. Елімізде балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқығы мен әл-ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі 2025 жылға дейінгі кешенді жоспар қабылданды. Оқушыларды қауіпсіз тасымалдау мақсатында 500-ден астам заманауи автобустар сатып алынған.

Бүгінде барлық білім беру ұйымдарында міндеттері оқушылар арасында қолайлы ахуал туғызу және даулы



жағдайлардың алдын алу болып табылатын қамқоршылық кеңестер жұмыс істейді. Оған қоса, ата-аналар комитеттері, профилактикалық кеңестер, психологиялық қолдау қызметтері, ата-аналарға тәрбиелік қолдау көрсету орталықтары, әкелер кеңесі, медиация қызметтері құрылған.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Еділ ОСПАН,
ҚР оқу-ағарту вице-министрі:

ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕСІ – 100%

Елімізде біртұтас тәрбие бағдарламасы әзірленіп, барлық мектептерде енгізілген. Оның мақсаты – жалпы-азаматтық және ұлттық құндылықтарды енгізуде саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Бағдарламаның басты ерекшелігі бала тәрбиесіндегі ата-ананың, мектеп, қоғам ынтымақтастығын нығайту болып табылады. Білім беру ұйымдарының қауіпсіздік жүйесі – 100% қамтамасыз етілді. Мектептердің көпшілігі Желел басқару орталығына қосылған және дүрбелең түймелері орнатылған. 1 млн 200 мың жас спортшы үшін халықаралық және ұлттық оқушылар гимназиясы, Ұлттық мектеп лигасы бар, басқа спорттық іс-шаралар өткізіледі. 2025 жылға қарай мектеп спорт секцияларында балаларды қамту санын 50%-ға жеткізу жоспарлануда.

Сондай-ақ, балалар күннің үштен бір бөлігін мектепте өткізетіндіктен және олардың денсаулығы мектептегі тамақтануға тікелей байланысты болғандықтан 1 миллион 700 мыңнан астам балаға тегін мектеп тамағы ұйымдастырылды. Оған қоса, аз қамтылған отбасылардан шыққан 450 мыңнан астам оқушыға жыл сайын жалпыға бірдей білім беру қорынан материалдық қолдау көрсетіледі.



Бауыржан ҚАСЫМБЕРГЕБАЕВ,
білім меценаты:

БІРЕГЕЙ ПЛАТФОРМА заманауи құзыреттіліктерді меңгеруге көмектеседі

Біздің елімізде балалар өлімі болмауға тиіс, елімізде де және бүкіл әлемде де барлық балалардың отбасылары болуы керек. Менің ер-азамат және әке ретінде арманым бар – бүкіл әлемде және менің елімде әр бала өз отбасында өссе деген. Әр адам баланың маңыздылығын түсінген кезде, бала бізге өз миссиямызды орындау үшін берілетін ең үлкен, ең қымбат сый екенін барлық адамдар түсінген кезде, бәрі өзгертін сияқты. «Бөтен бала жоқ» деп дұрыс айтылған.

Балалар мен жастарды қолжетімді және сапалы біліммен қамтамасыз етуге арналған біздің де жоспарымыз бар. Заманауи құзыреттіліктерді меңгеруге көмектесетін бірегей платформа жасауды қолға алдық. Жаңа білім мен дағдылар болашақта жастарға қаржылық тұрғыда өздерін қорғауға мүмкіндік береді. Мен еліміздің жастары мен балаларының ең талантты, қабілетті болғанын қалаймын және балалардың құқығын қорғаудағы ұстанымы үшін Президентімізге, баршаға алғыс айтқым келеді.

ӨЗГЕШЕ БІЛІМ ҰЯСЫ

Алматыдағы А.С.Пушкин атындағы №4 гимназияның тарихы тым тереңнен басталады. Сонау 1939 жылдың желтоқсан айында ашылған білім мекемесі Ұлы Отан соғысындағы ең ауыр күндерді де басынан кешірді. Талай бел-белестен өткен білім шаңырағы биылғы оқу жылында өзінің 85 жылдық мерейтойын атап өтпекші. Осынау жылдар ішінде мектеп ұжымы жас ұрпаққа тәлімді тәрбие мен сапалы білім беріп келеді. Гимназия мәртебесіне қол жеткізді. Өзінің педагогикалық ұжымының табандылығымен танымал болған мектептің мақтанышына айналған тұлғалары қаншама. Бүгінгі күні білім шаңырағын «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» Сабил Мырзашқызы Енсебаева басқарады.



Мәселен, 6 «а» сынып жетекшісі С.Камунарлова ата-аналармен болатын жиналысты ойын түрінде өткізсе, 2 «б» сынып жетекшісі А.Иманбаева викторина түрінде өткізді. Бұл күні қарапайым сұрақтардан басталған жиында әдебиетті қалай дұрыс оқып, үйрену керектігі де айтылады. Себебі, мектеп республикалық «Оқуға күштар мектеп» акциясының белсенді мүшесі.

Гимназияның тағы бір ерекшелігі – фойедегі теледидардан дұрыс тамақтану, спортқа баулу, мультфильмдер сияқты түрлі бағдарламалар көрсетіліп, бастауыш сынып оқушылары мектептің «Өзін-өзі басқару» парламент мүшелерімен уақытты қызықты етіп өткізеді. Осылайша өзара жылылық, достық орнайды. Жалпы, қазіргі уақытта өскелең ұрпақты тәрбиелеудің өте күрделі екені туралы жиі айтамыз. Сөз жоқ, баланың

жеке басын қалыптастыруда отбасының, оның ішінде әкеңіз алар орны мен атқарар қызметі өте маңызды рөл атқарады.

Сондықтан гимназия ұстазы М.Сеитова 9 «а» сыныбының ата-аналар жиналысына тек әкелерді шақырды. Бұл жиын «Қарлы кесек» пікірталасы түрінде қызықты өтті. Жиын барысында әкенің отбасындағы тәрбиесі мен ықпалындағы олқылықтар да анықталды. «Мен жақсы ата-анамын» психологиялық тесті өту

барысында әкелердің отбасындағы рөлі ерекше екені баса көрінді. Әкелер осындай форматтағы кездесулерді өткізуде белсенді екендіктерін танытты.

Гимназия әкімшілігінің бастамасымен «Ақ ладья» шахмат турнирі жыл сайын өткізіліп келеді. Турнирге гимназияның «Қамқоршылар кеңесі» де тікелей қолдау көрсетіп, «Рюкзак» шахмат мектебімен бірлесіп өткізеді. Турнир 2009–2014 жылдар аралығында Қазақстан чемпионы, ал 2011 жылы Мәскеуде Ресей кубогының қола жүлдегері Бибисара Касыбекованың қатысуымен өтуде. Сондай-ақ, Бибисара биыл Бразилиядағы әлемнің үздік 50 шахматшысының қатарына еніп отыр. Сонымен қатар, Азия вице-чемпионы, спорт шеберінің кандидаты атанды. Бұл жетістіктер балаларға үлкен өнеге! Жарыста мектептің разрядшы мақтаныштары Даниал Кужумов пен Дарий Чаров 2-сынып оқушылар арасында бір реттік шахмат ойынын қызықты өткізді. Нәтижесінде оқушылардың шахмат ойынына деген қызығушылығының арта түскені байқалды.

Аталмыш гимназия оқушыларының тағы бір ерекшелігі – қоршаған ортаға деген қамқорлығы. Осыдан біраз уақыт бұрын гимназия ата-аналары гимназия аумағында раушан гүлінің алқабын өсіруді ұсынған еді. Көп ұзамай раушан гүлі өсіріліп, ағаштар отырғызылды. Бұл игі істің бастау алғанына жеті жылдан астам уақыт өтсе де, ата-аналар комитетінің мүшелері, оқушылар мектеп ұжымымен бірлесіп, раушан гүлдеріне күтім жасауды жалғастырып жатыр. Қоршаған ортаны аялау баршамыздың маңызды міндетіміз!

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



БРИФИНГ

НЕОНАТОЛОГ ДӘРІГЕР

Бұл маманның педиатрдан ерекшелігі қандай?

Бұл сұрақтарға Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында өткен брифинг барысында Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының штаттан тыс неонатологы Елена Плужникова жауап берді.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Неонатологтың негізгі міндеті – жаңа туған нәрестенің жағдайын бақылау. Мұндай маман әйелдің баланы дүниеге әкелу сәтінен ол перзентханадан шыққанша бірге жүреді. Әрі қарай баланы учаскелік педиатр және медбике бақылайды.

– Егер перинаталдық орталықтағы бала шала туылған болса, ол ұзақ уақыт бақылауда болады. Уақытынан өте ерте туған нәрестелер дүниеге келген кезінен бастап перинаталдық орталықта 4–6 ай өткізеді. Мұндай жағдайларда баланы неонатолог дәрігер бақылайды, – деді Е.Плужникова.

Өмірдің алғашқы 28 күні жаңа туған нәрестенің денсаулығында өте маңызды. Жағдайы жақсы болғанның өзінде дәрігерлердің бақылауы қажет дейді маман. Сондықтан неонатолог пен педиатрдың рөлі маңызды.

– Бала үшін, оның дамуы жақсы болса да, педиатрдың бақылауы қажет. Сондықтан учаскелік педиатрдың рөлі өте маңызды. Педиатрия – бұл динамикалық организм туралы ерекше ғылым. Яғни балаларда ересектер сияқты үнемі бір орында тұратын статистикалық көрсеткіштер жоқ. Яғни бала үшін барлық параметрлер жасына байланысты. Сіз педиатрға бараан кезде және баланың жағдайына қатысты шағымдарды айтқыңыз келсе, дәрігердің қоятын бірінші сұрағы: баланың жасы нешеде деп сұрайды, – деп түсіндірді ол.

Сондай-ақ, сарапшы бала туылған кезде не нәрсеге назар аудару керектігін, яғни жаңа туған нәрестенің қандай жағдайы қалыптты және қандай жағдайларда дабыл қағу керек екенін атап өтті.

Сонғы кездері балалар дәрігерлері шала туылған нәрестелерге жиі күтім жасайтын болған. Сонымен қатар, дәрігерлер жаңа туған нәрестелердегі туа біткен ақаулармен күресуге мәжбүр.

– Біздің қоғамда балалардың дүниеге келуіне саналы түрде келеді. Егер отбасы балалы болуды жоспарласа, оған дейін анасына да, әкесіне де скринингтен өткен жөн. Анаға деген күтім тіпті көбірек болу керек, өйткені ол құрсағында болашақ нәрестені көтеріп жүреді. Егер созылмалы инфекция болса, оларды бала көтермей тұрып емдеу маңызды. Егер витаминдер жеткіліксіз болса, ағзадағы кейбір микроэлементтер үшін оны тиісті деңгейге жеткізген жөн. Егер мүлдем болмаса, кем дегенде белгілі бір уақытқа дейін жаман дәдеттерді тоқтатыңыз, – деп сарапшы жүктіліктің өзінде салауатты өмір салтын ұстану керек екенін айтты.

ВАКЦИНАЦИЯ

Қызылшадан сақтан!

Қызылша – бұл ауа-тамшылы инфекциялар тобына жататын жедел жұқпалы вирустық ауру. Жұқпа адамнан адамға ауа арқылы жөтелу, түшкіру кезінде беріледі. Ауру адамнан адамға ауа арқылы, тыныс алу жолдарының тамшыларымен немесе жұқтырған адамдардың мұрынның немесе тамағының бөлінісімен тікелей байланыста болады. Қызылша – адамдар үшін аса контагиозды жұқпалардың бірі, өйткені инфекция көзімен жақын қарым-қатынаста болғаннан кейін қызылшаға қарсы вакциналанбаған адамдардың 90%-дан астамы ауырады.

Қызылшаға қарсы вакциналау 1 жаста және 6 жаста 2 рет жасалады, бұл вакциналанған адамдарда өмір бойы болатын вакциналаудан кейінгі иммунитетті дамытуға мүмкіндік береді. Қызылшаға қарсы вакцинаның әрбір алынған дозасы баланың иммунитетін күшейтеді.

Екпелерді жүргізу үшін Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымында сертификаттаған және Қазақстан Республикасында тіркелген қызылшаға, қызылшаға, эпидемиялық паротитке қарсы аралас вакцина қолданылады. Вакциналау тұрғылықты жері бойынша қаланың емханаларының барлық егу кабинеттерінде тегін жүргізіледі.

Балаларды жоспарлы вакциналау тұрғылықты жері бойынша қаланың емханаларының барлық егу кабинеттерінде тегін жүргізіледі. Қалған тұрғындар ақылы негізде жеке егу кабинеттерінде қызылшаға қарсы екпе алуы мүмкін.

Аурудың белгілері пайда болған кезде келесі ережелерді қатан түрде ұсынады:

ДОНОР

С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дің 80 студенті қайырымдылық акциясына қатысуға ниет білдірді. Бұл акция көмекке мұқтаж науқас балаларды қолдау аясында ұйымдастырылған қан тапсыру іс-шарасы.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

«Мұқтаж жандарға ерікті түрде көмектесуге дайын екенін көрсеткен акцияның барлық қатысушыларына шын жүректен алғыс білдіреміз. Осындай сәттер біздің қоғамда игі істерді атқаруға, өзгеше көмектесуге дайын жанауыр жандардың бар екенін көрсетеді», – дейді Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының «Қалалық қан орталығының» директоры Жандос Нәдіров.

Донор болуға ниет білдірген 80 студенттің 52-сіне қан тапсыруға рұқсат берілді. Бұл донорлық процеске деген байсалды көзқарасты және әрбір қатысушының жауапкершілігін көрсетеді.

Акция нәтижесінде 26,52 литр қан жиналды, бұл көмекке мұқтаж жандар үшін керемет құнды ресурс болары сөзсіз.

Мұндай іс-шаралар науқас адамдардың өмірін сақтап қалумен қатар, қоғамда донорлық мәдениеттің қалыптасуына да септігін тигізеді дейді мамандар. Осындай іс-шаралар бізге ынтымақ пен өзара көмектің маңыздылығын еске салады, сонымен қатар әрқайсымыздың қайырымдылық істерге үлес қоса алатынымызды көрсетеді.

КЕРЕК ДЕРЕК

КИНЕТОЗ

Баланың көлікте лоқсып, құспауы үшін не істеу керек?

Көлікте (автобус, ұшақ, кеме), әткеншекте баланың лоқсып, құсуы медицина тілінде «кинетоз» деп аталады екен. Ол неден пайда болады?

Балаларда 1-2 жас арасында вестибулярлы жүйе әлі жақсы дамымайды. Сол кезде жылдам қимылдан баланың жүрегі айнып, лоқсып, құсады. Яғни көру жүйесі жылдам қимылды көреді, бірақ дене сезіне алмайды. Содан миға «бірдене дұрыс емес» деген сигнал барады. Көбіне бұл 2 жастан кейін кетеді. Кей балаларда 10–12 жасқа дейін сақталады. Тіпті, ересек адамдарда да (сирек жағдайда) кездесетін көрінеді.

Мұндай жайсыздықтың алдын алу үшін баланы дәл жолға шығар алдында тамақтандырмаған дұрыс екен. Кем дегенде 1,5 сағат бұрын жеңіл тамақ жегені жөн. Көлік ішінде балаға ұялы телефон, планшет ойнатпаңыз. Көлік терезесін ашып, таза ауа кіргізіп тұру қажет. Көлікте темекі тартпау, иістендіргіш заттар пайдаланбаған абзал. Көлік іші тым ыстық болмасын, баланы да тым қалың киіндірмеңіз. Аздаған мөлшерде су немесе жемістен жасалған компот беріп отыруға болады. Баланың көңілін басқа заттармен, ойынмен бөліп отыру қажет. Көлікте балаға ыңғайлы орын – артқы және ортаңғысы. Ұшақтағы ыңғайлы орын – қанат тұсы. Ал пойызда терезе жағы қолайлы.

ІЗГІ ҚАДАМ

Алматыда студенттер науқас балалар үшін 26 литр қан тапсырды



КЕРЕК ДЕРЕК

Донор болу жолдары қандай?

- жасы 18-ге толған, арнайы медициналық тексерілулерден өткен, қан тапсыруға қарсы көрсеткіші жоқ, қан және оның компоненттерін медициналық мақсатта ерікті түрде тапсыратын жеке тұлғалар донор бола алады;
- донордың бойы 150 см-ден, салмағы 50 кг-нан жоғары болу керек;
- донорлыққа баратын күннің қарсаңында донорларға кеікісін майлы, қуырылған, ащы тағамдар, сүт өнімдерін, спирттік ішімдіктер ішуге болмайды;
- қан тапсырар күні таңертең жеңіл тамақтанған дұрыс, қантпен қара шәй ішкен абзал;
- денесіне әшекей сурет салғандар, пирсинг жасағандар, инемен емделгендер, ерніне, қасына түзету енгізгендер осы әрекеттер аяқталғаннан бастап, 4 айға дейін донорлыққа жіберілмейді;
- түнгі ауысымдағы жұмыстан соң қан беруге болмайды.

МӘМС

ЛАЗЕРЛІК ЖҮЙЕ

Алматыда хирургияның бір күндігі аясында шағын инвазивті проктологиялық ота жасалады

Мегаполисте хирургияның бір күндігі аясында шағын инвазивті проктологиялық ота жасалады. Бұл туралы қалалық Денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметі хабарлады. Мамандардың айтуынша, бұл медициналық көмектің сапасын бұрынғыдан да арттыра түседі.

Алматыдағы Орталық қалалық клиникалық аурухананың колопроктология орталығында қос толқынды лазерлік хирургиялық жүйе іске қосылды. Бұл құрылғы шағын инвазивті хирургиялық оталар жасауға арналған. Аталған технологияны қолданудың ең негізгі артықшылығы – ота үстіндегі түрлі жарақаттың болу ықтималдығын, ауырсыну синдромын едәуір азайтады, отадан кейінгі түрлі жайсыздық, қиналыстың алдын алады. Бұл технологияны ауруханаларда, сонымен қатар, емхана базасында да қолдануға болады.

Құрылғыны стационарға сол жерде жатқан емделушілердің денсаулығының түзелуіне және өмір сүру сапасының жақсаруына үлкен септігін тигізеді деген үмітпен демеушілер сыйға тартқан болатын. Сонымен қатар, сала мамандары бүгінгі күні осындай демеушілердің түрлі медициналық ұйымдарды осылай үнемі қолдап жүргенін айтып отыр.

– Біз демеушілеріміздің осындай жомарттығына, мәрттігіне, қайырымды әрекеттеріне алғысымызды білдіреміз және бұл жаңа лазерлік құрылғы біздің орталық мамандарының қолындағы ең негізгі құрал болады деп сенеміз. Біз аурухананың осындай қайырымды істердің арқасында дамып, көркейіп жатқанына қуаныштымыз. Барша мүдделі тұлғаны жаңа лазерлік құрылғының тиімділігін сынап көру мақсатында біздің ауруханаға келуге шақырамыз. Бұл медицина және денсаулық сақтау саласындағы үлкен жетістікке жетудің келесі қадамы деп сенеміз, – дейді профессор Марат Абдуллаев.

Нұр ЖАМАЛ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Марат АБДУЛЛАЕВ, профессор:

Пациенттерге қолайлы әдіс

Жоғары деңгейдегі мұндай лазерлік технологиялардың ең тиімділігі сол, олар пилониедальды киста, анальды жарық, гипертрофияланған перинальды тері түзілімі бар науқастарға бір күндік стационарда қолдану мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Яғни енді емделушілер бір күндік ота аясында заманауи әрі тиімді емдеу әдістерін ала алады, бұл медициналық көмектің сапасын айтарлықтай жақсартады. Лазерлік хирургияға арналған құрылғы көмегімен геморрой түйіндерінің вапоризациясы және тік ішек жыланкөзін аз жаракат түсіру жолымен түрлі хирургиялық араласу жасалады. Осының барлығы жалпылай алғанда жоғары функционалды нәтижеге жетуге мүмкіндік береді.



– өзін-өзі емдеумен айналыспау, дәрігерді үйге шақырып және дәрігердің нұсқауы бойынша ем алу;

– үйде болу, жұмыс орындарына, сондай-ақ қоғамдық орындарға бармау. Әсіресе, амбулаториялық емделіп жатқан науқастар үйде оқшаулауды қатаң сақтауы керек;

– ауырып жатқан балаларды ұйымдасқан ұжымдарға, мектептерге, мектепке дейінгі балабақшаға, т.б. жібермеу. Есіңізде болсын, ауруды емдеуден гөрі алдын алу оңай!

Д.А.СИСЕНОВ,

Алатау ауданы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.



ПОЛИЦИЯ



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Метро
жолаушысынан
кастет тәркіленді**Құқық бұзушылықты Райым-бек батыр бекетінде қызмет ететін полиция қызметкері анықтады.**

«Бұл дерек 13 сағат 45 минутта рентген-телевизор қондырғысы арқылы жүргізілген тексеру кезінде анықталды. Іле ауданының 17 жасар тұрғыны ұсталды. Оның сөмкесін тексеру кезінде кастет табылды. Жас жігіт өзін ақтап алуға тырысып, сөмкесі досының екенін түсіндірді. Құқық бұзушы аумағына қарай Жетісу аудандық полиция басқармасының қызметкерлеріне тапсырылды. Оның әрекетіне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шара қолданылып, құқықтық баға берілетін болады», – деді метрополитен полиция басқармасының басшысы Нұрлан Аманбек.

Естеріңізге сала кетейік, көшелерде және басқа да қоғамдық орындарда тиісті қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатында 20–30 қараша аралығында қалада «Құқықтық тәртіп» жалпыреспубликалық жедел алдын алу іс-шарасы өткізіліп жатыр. Ол вандализм деректерін, мүлктік залал келтіруді, ұсақ бұзақылықты, жол қозғалысы қауіпсіздігі саласындағы бұзушылықтарды анықтау және жолын кесуге, сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылық, оның ішінде көмелетке толмағандарға қатысты құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған.

РЕЙД

«ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП»:

АЛМАТЫ ПОЛИЦЕЙЛЕРІ

«Саяхат» автовокзалындағы тұрақтарды жойды

Алматылық тәртіп сақшылары көліктерді тұраққа қою ережелерін бұзу деректерін, сондай-ақ жабайы сауда жасайтын орындарды анықтау жұмыстарын жалғастырады. Осыған байланысты патрульдік маршруттар күшейтіліп, қоғамдық полиция көмекшілерінен қосымша күштер тартылды.

«Ұсақ заңбұзушылықтарға көз жұмып қарамай, бұл туралы «102» пультіне немесе ақпараттық-коммуникациялық жүйелер арқылы жедел хабарлауға шақырамыз. Құқық бұзушыларға дереу шара қолданылатынына сенімді түрде айта аламын. Күн сайын құқық бұзушылықтар туралы ондаған маңызды сигнал келіп түседі», – дейді Жетісу аудандық полиция басқармасы басшысының бірінші орынбасары Дулат Жаңғабылов.

«Құқықтық тәртіп» шарасы аясында өткізілген рейдтер қаладағы жол жағдайын тұрақтандыруға, жол-көлік оқиғаларын азайтуға, жүргізушілер арасындағы тәртіпті жақсартуға ықпал етеді.

Полиция күштері, сондай-ақ тиісті жол белгілерінің қамту аймағында көлік құралын қоюға арналмаған орындарда тұраққа қою жағдайларын анықтауға бағытталған. Ал заңбұзушылық анықтал-



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ған кезде көлік иелері өз көлігінің қасында болмай қалса, олардың көліктері эвакуатор арқылы мамандандырылған айыппұл тұрағына жеткізіледі.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Алаяқтардан сақтаныңыз!

Алматы полициясы алаяқтар көбейгенін ескертеді. Өкінішке қарай, көбісі жеке деректерінің ақпараттық қауіпсіздігі туралы біле бермейді. Медеу аудандық полиция басқармасының басшысы Ілияс Өмірсеріков ең көп таралған алаяқтық тізбектері туралы баяндады.

Біріншіден, қарт адамдарға қатысты алаяқтық. Олар жәбірленушілердің үй телефонына қоңырау шалып, өздерін жақын туыстары ретінде таныстырады. Бір жағдайды шешу үшін ақша аудару керек екенін ха-

барлайды. Көбінесе мәселе жол-көлік оқиғалары туралы болып отыр. Мұндай жағдайда алаяқпен сөйлеспей, телефонды қоя салғаныңыз абзал.

Екіншіден, үлкен дивидендтер уәде ететін онлайн жобаларға ақшалай қаражат салу. Әдетте, азаматтарды криптовалюталарға, акцияларға, бағалы металдарға ақша салуға көндіреді және олар әртүрлі елдердегі жоқ абоненттік нөмірлерден жиі қоңырау шалып, инвестициялаудың артықшылықтары туралы айтып, әбден сеніміне кіреді. Үшіншісі – банктен қоңырау шалады. Абонент өзін банктің қауіпсіздік қызметкері ретінде таныстырады және үшінші адамдардың сіздің атыңызға несие рәсімдеу әрекеті туралы хабарлайды.

ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

Банк қызметкерлері ешқашан сіздің картаңыз туралы ақпаратты сұрамайды, сондай-ақ, ұялы телефоныңызға жіберілген кіру кодтарын талап етпейді. Мұндай жағдайда телефонмен сөйлесуді дереу тоқтатып, банк картасында немесе банк сайтында көрсетілген сенімді нөмірге қайта қоңырау шалу керек.

Әртүрлі мессенджерлер мен әлеуметтік желілер арқылы сізге жіберілетін күмәнді сілтемелерді баспаңыз және әртүрлі сайттарға банк картаңыздың деректерін енгізбеңіз. Өйткені, бұл вирустық файлдар мен жеке ақпаратыңызды жинауға арналған қосымшалар болуы мүмкін.

ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТ

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Қаржы қызметтерді тұтынушылардың құқығын қорғау департаментінің директоры Александр Терентьев осы сұраққа жауап берген еді.

Мемлекет басшысы қол қойған 2023 жылғы 7 маусымдағы «Мүгедектердің құқығы жөніндегі конвенция туралы факультативтік хаттаманы» ратификациялау туралы Заңды іске асыру үшін агенттіктің бастамасы бойынша ҚР Сауда және интеграция министрлігінің техникалық реттеу және метрология комитеті «Мүгедектігі бар адамдарға және басқа да мобильділігі төмен топтарға қызмет көрсету бойынша қаржы ұйымдары бөлімшелерінің қолжетімділігіне қойылатын талаптар» ұлттық стандартын бекітті.

«Ұлттық стандарт мүгедек адамдарға қызмет көрсету үшін қаржы ұйымдары бөлімшелерінің қызметіне қойылатын жалпы талаптарды қарастырады, олар мүгедек адамдарға қаржы ұйымдарының ғимараттары мен үй-жайларын бейімдеуді қамтиды, осы санаттағы клиенттерге қызмет көрсету ерекшеліктерін, сондай-ақ осы санаттағы адамдармен жұмыс істеу кезінде қаржы ұйымдары персоналын оқыту және олардың құзыретін арттыру мәселелерін белгілейді», – деді А.Терентьев.

Осылайша осы нұсқауларды орындау үшін тиісті бұйрық шығарылды, оны іске асыру үшін банктер мүгедектігі бар адамдардың барлық санаты үшін қаржылық қызметтерге тең қолжетімділікті жасау және қамтамасыз ету үшін жеке жоспарлар әзірлейтін болады.

«Аталған құжатты қабылдаудың алдында агенттік Қайрат Иманалиев атындағы мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқығы жөніндегі комиссиямен бірлесіп, «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ, Парламент Сенатының депутаты, адам құқығы және қаржы ұйымдары бойынша сарапшылармен бірлесіп атқарған үлкен

ҚАРЖЫЛАЙ ИНКЛЮЗИЯ
қалай жүзеге асады?

жұмысы болғанын атап өткім келеді», – деді Қ.Иманалиев атындағы мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқығы жөніндегі комиссия ҚБ төрағасы Гүлмира Бурашева.

Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін жеке және ақпараттық қолжетімділікті қамтамасыз ету, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі клиенттермен өзара іс-қимыл жасау бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірленді және қабылданды. Бұл ұсыныстарды банктер 3 жыл бойы сынап көрді.

Бұдан басқа, банктер бөлімшелердің техникалық инфрақұрылымын жаңғырту, сайттар мен мобильді қосымшаларды бейімдеу, осы санаттағы тұлғалармен жұмыс істеу бойынша білікті персоналды даярлау бойынша жеке жоспарлар әзірледі.

Агенттік жұмыс тобының қатысушыларымен бірлесіп www.fingramota.kz интернет-порталының басты бетінде қаржы ұйымдары бөлімшелерінің инфрақұрылымы туралы ақпаратты ұсыну мақсатында «мүмкіндігі

шектеулі тұлғалар үшін банк бөлімшелерінің қолжетімділік картасы» орнатылған. Онда еліміздің 28 қаласында екінші деңгейдегі банктердің 350 бөлімшесі ұсынылған.

«Қаржылық қолжетімділік пен қаржылық инклюзияны арттыру мәселесінде озық тәжірибесі бар халықаралық ұйымдармен және шет елдердің орталық банктерімен бірлесіп, қаржы ұйымдарының персоналын оқыту жүргізілді. Агенттік ҚҚҚ және қаржы ұйымдарымен бірлесіп жүйелі негізде барлық мақсатты аудиториялар, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі жандар үшін дәрістер, тренингтер мен вебинарлар өткізеді», – деп толықтырды А.Терентьев.

Сондай-ақ, агенттік қосымша қажеттіліктері бар клиенттерді сәйкестендіретін ақпараттық жүйені интеграциялау мәселесін пысықтауда. Қорытындысы бойынша Smart



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Bridge ақпараттық жүйесіне қосылу мақсатында банктерге өтінімдерді жіберу үшін сілтеме алынды. Бұл банктерге осы санаттағы клиенттерді анықтауға және оларға сапалы қызмет көрсетуге мүмкіндік береді.

«Қаржылық қолжетімділіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету, әсіресе, халықтың әлеуметтік осал топтары алаяқтыққа тап болып жатады. 2021 жылы агенттік банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға арналған әдістемелік ұсыныстар әзірледі. Әдістемелік ұсыныстар банктердің апробациясында. Мүгедектігі бар адам немесе қарт адам өзіне қаржылық операциялар бойынша көмекші тағайындай алады. Көмекші жоспарланған қаржылық операциялар туралы хабарлама алады, оларды қолдай алады немесе қабылдамайды», – деп қорытындылады А.Терентьев.

Бетті әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2024 жылға баспасөзге жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2024 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет. 2023 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке салып, «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp нөміріне 8 707 752 92 32 немесе alatayaqparat@mail.ru электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық почта бөлімшелерінде жазылуға болады.

2024 жылға бір жылға жазылу бағасы:

65503 | Жеке жазылушылар үшін

95503

Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін

4033,44 теңге

6433,44 теңге

Тек қана бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін **post.kz** сайтынан немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, онлайн ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Рәсімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша **Post.kz** қызметі арқылы жүзеге асырылады.

Жазылушылар назарына!

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Almaty aqshamy» газеті аптасына 2 рет (сейсенбі, жұма) шығады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор – Досбол АТАЖАН

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VРУ00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53
Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2024 жылғы 10 қаңтар, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 181, 17 п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар).
Лоттар саны – 989 дана.
Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.
Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Әуезов көшесі, 181, 17-п. немесе lemon@lmm.kz электрондық поштасы бойынша 2023 жылдың 22 желтоқсан, сағат 18.00-ге дейін.
Сауда-саттықты өткізу әдісі – Голландтық.
Бағаны өзгерту қадамы – 2%.
Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 117 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

«Lemon Land Lombard» ЖШС 2024 жылғы 10 қаңтар, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 А, 1-көсе, өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар).
Лоттар саны – 493 дана.
Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.
Өтінімдерді «Lemon Land Lombard» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Төле би к-сі, 251А, 1-офис немесе land@lmm.kz электрондық поштасы бойынша 2023 жылдың 22 желтоқсан, сағат 18.00-ге дейін.
Сауда-саттықты өткізу әдісі – Голландтық.
Бағаны өзгерту қадамы – 2%.
Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 100 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

ЖОСПАРЛАНҒАН ҚОҒАМДЫҚ ТАЛҚЫЛАУЛАР ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы қаласының қалалық жоспарлау және урбанистика Басқармасы» КММ (БСН 990740001176) қала құрылысы (тарихи және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялық жұмыстарды қоспағанда, тарихи даму аймақтарын қала құрылысын қалпына келтіру үшін жобалау құқығымен) және жоспарлау жөніндегі жұмыстар бойынша қоғамдық талқылаулар өткізу бойынша қоғамдық іс-шаралар өткізілетіні туралы хабарлайды, 2023 жылғы 12 желтоқсанда Астана уақыты бойынша сағат 14.00-де, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді. Қосымша ақпарат алу үшін мына телефон нөмірлері арқылы хабарласуға болады: +7 (727) 240-80-00, 240-80-01, 240-80-02, 240-80-03, электрондық пошта: uaig@mail.kz.

Талқылаулар келесі қала құрылысы жобалары бойынша өтеді:

- Алматы қаласы, Сүйінбай даңғылы, Гете көшесі, Бекмаханов көшесі, Майлин көшесі, Бухтарминская көшесі, Халықаралық аэропорт өңтүстік-шығысы, қала шекарасы бойымен, «Думан» шағынауданы, Верненская көшесі өңтүстігі, Орманов көшесі, Апорт көшесі, Шақшақ Жәнібек көшесі, Кіші Алматы өзені, Бөлітірік Шешен көшесі солтүстігі («Шығыс қақпа» полицентр) шекарасындағы аймақтың егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу.
- Алматы қаласы, Жандосов көшесі, қала шекарасы бойымен, Жаңа Ғасыр көшесі, Бойтұмар көшесі, Ф.Оңғарсынова көшесі, Қарғалы өзені, Трудовая көшесі, Б.Момышұлы көшесі, Абай даңғылы, Санн көшесі, Жандосов көшесі, Көркем көшесі, Сәйтбеков көшесі, Жанат көшесі («Өңтүстік-батыс» полицентр) аймағының егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу.
- Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, батысқа қарай Исиналиев көшесі батысы, Мамыр көшесі, Розыбакиев көшесі, Сәтбаев көшесі, Н.Тілендиев көшесі солтүстігі, өңтүстікке қарай Райымбек батыр даңғылынан, Сейфуллин даңғылынан, Алматы-2 темір жол вокзалынан, Бөлітірік шешен көшесі, Шақшақ Жәнібек көшесі, Апорт көшесі, Орманов көшесі, Водная көшесі, Доватора көшесі, Кошкунцова көшесі, Луганское көшесі, Әл-Фараби даңғылы, Есентай өзені, Тимирязев көшесі өңтүстігі, Ботаникалық бақ батысы («Тарихи орталық» полицентр) шекарасындағы аймақтың егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу.
- Алматы қаласы Рысқұлов даңғылы, Б.Момышұлы көшесі, Байтерекова көшесі, Санн көшесі, Назар көшесі, Ә.Молдағұлова көшесі, Бенберин көшесі, Моңке би көшесі, батысқа қарай Б.Момышұлы көшесі, Центральная көшесі, разъезд 71, «Мәдениет» шағынауданы, Алматы Индустриалдық аймақ батысы («Батыс» полицентр) шекарасындағы аймақтың егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу.
- Алматы қаласы Райымбек батыр даңғылы солтүстігі, Күдерин, «Шапағат» шағынауданы, Солтүстік айналым көшесі, Ангарская көшесі, Макатаев көшесі батысы, Павлодарская көшесі, Бурундайская көшесі, Ержанов көшесі батысы, Осипенко көшесі солтүстігі, Рихард Зорге көшесі, Шолохов көшесі, Сүйінбай даңғылы шығысы, Алматы-2 теміржол вокзалы, Сейфуллин даңғылы бойы («Солтүстік» полицентр) аймағының егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу.

ЖОСПАРЛАНҒАН ҚОҒАМДЫҚ ТАЛҚЫЛАУЛАР ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы қаласының қалалық жоспарлау және урбанистика Басқармасы» КММ (БСН 990740001176) қала құрылысы (тарихи және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялық жұмыстарды қоспағанда, тарихи даму аймақтарын қала құрылысын қалпына келтіру үшін жобалау құқығымен) және жоспарлау жөніндегі жұмыстар бойынша қоғамдық талқылаулар өткізу бойынша қоғамдық іс-шаралар өткізілетіні туралы хабарлайды, 2023 жылғы 12 желтоқсанда Астана уақыты бойынша сағат 14.00-де, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді. Қосымша ақпарат алу үшін мын телефон нөмірлері арқылы хабарласуға болады: +7 (727) 240-80-00, 240-80-01, 240-80-02, 240-80-03, электрондық пошта: uaig@mail.kz.

Талқылаулар келесі қала құрылысы жобалары бойынша өтеді:

- Егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу: Медеу ауданы: «Сұлусай» ш/а, «Көк-Төбе» ш/а, «Кенсай-1», «Кенсай-2» зираты шекараларында, Қойгелді батыр көшесінің шығысындағы шекараларда, «Көлсай» ш/а қала шекарасына дейін; Бостандық ауданы: «Қазақфильм» ш/а, «Бағанашы» ш/а, «Нұр Алатау» ш/а, «Ерменсай» ш/а, «Нұрлытау» ш/а, Үшкөмір көшесінің өңтүстігінде, Арнайлы көшесінің шығысында, «Ақтөбе» ш/а шекараларында; Жетісу ауданы: бат. Мақатаев көшесі, бат. Павлодар көшесі, солт. Жұмабаев көшесі, өңт. Бурундай көшесі, шығ.Солтүстік айналма тас жолы шекараларында; Солтүстік айналма тас жолы көшесінің өңтүстік аумағында, Бурундай көшесінің батысында, Алматы-1 станциясының теміржол жолдарының өңтүстігінде, Рихард Зорге көшесі, Шолохов көшесі, Сүйінбай даңғылының батысында, Айба көшесі шекараларында; Кұлжа трактісі көшесінің өңтүстігінде, Бұқтырма көшесінің батысында, Қонаев атындағы БАК солтүстігінде, Халиуллин көшесінің батысында, Талғар трактісі көшесінің солтүстігінде, «Думан» шағынауданындағы Сүйінбай көшесінің батысында, «Думан» шағын ауданының өңтүстік шекарасының солтүстігінде, «Кенсай» зиратының солтүстігінде, Медеу ауданындағы Шығыс айналма автомобиль жолының (ШААЖ) шығысында.
- Егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу: Бостандық ауданы: солт. Әл-Фараби даңғылы, шығ. Навои көшесі, шығ. Ү.Алматы өзені, өңт. Абай даңғылы, өңт.Сәтбаев көшесі, бат. Розыбакиев көшесі шекараларында; Әуезов ауданы: солт. Рысқұлбеков көшесі, шығ. Щепкин көшесі, өңт. Абай даңғылы, бат.Үлкен Алматы өзені шекарасында; Алмалы ауданы: өңт. Райымбек даңғылы, бат.Тілендиев көшесі, солт. Абай даңғылы, шығ. Ү.Алматы өзені шекарасында; Алатау ауданы: «Аккент» ш/а, «Ақбұлақ» ш/а, «Әйгерім-1» ш/а, «Әйгерім-2» ш/а, Жылысай көшесінің өңтүстігінде, «Шаңырақ-1» ш/а, «Шаңырақ-2» ш/а шекараларында, «Томирис» ш/а, «Көкқайнар» ш/а, Жылысай көшесінің солтүстігінде, «Шаңырақ-1» ш/а, «Шаңырақ-2» ш/а, «Саялы» ш/а шекараларында, Алатау ауданы шекараларында «Ұлжан-1» ш/а, «Ұлжан-2» ш/а, Ұйғыр көшесінің өңтүстігінде, «Шапағат» ш/а, «Дархан» ш/а, «Бай-Бесік» ш/а, «Өжет» ш/а, «Қарасу» ш/а, Бірінші аймақ: Қожабеков көшесінің өңтүстігінде және Моңке би көшесі «Алғабас» ш/а, Момышұлы және Аханов көшелерінің батысында, Рысқұлов даңғылының солтүстігінде, Омаров көшесінің батысында «Алғабас» ш/а және Қарағайлы өзені, Райымбек даңғылының солт., Алатау ауданының батыс әкімшілік шекараларының шығысында; Екінші аймақ: Алатау ауданының солтүстік әкімшілік шекараларының өңтүстігінде, «Батыс» зиратының батысында және өңтүстігінде, Санн көшесінің батысында, Моңке билді солтүстігінде, Алатау ауданының батыс әкімшілік шекараларының шығысында; Алатау ауданының солтүстік әкімшілік шекараларының өңтүстігінде, (Орталық көшесінің өңтүстігінде «Боролдай» ш/а), Боролдай тоғандары каскадының батысында, Қонаев атындағы БАК, Алатау ауданының батыс әкімшілік шекарасынан шығысқа қарай.
- Егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу: Айтматов көшесі мен Исет Кеңесбаев көшесінің өңтүстігінде, Қарағайлы өзенінің батысында, Жандосов көшесінің өңтүстігінде, Центральная көшесінің батысында, Карменов көшесінің өңтүстігінде, Дәуленов көшесінің батысында, Новая және Тополев көшелерінің өңтүстігінде «Тауғұл-3» ш/а, Асқаров көшесінің батысы мен солтүстігінде, Кенесары хан көшесінің батысында, Атамұра көшесінің солтүстігінде «Ғаламат» ш/а, Көкжиек көшесінің шығысында, Редько және Нәжімеденов көшелерінде, Құралай көшесінің солтүстігінде, Қарибай ақын көшесінің батысында «Қарғалы» ш/а, қаланың өңтүстік шекарасынан солтүстікке қарай, Қарағайлы өзенінен шығысқа қарай, «Қарлығаш ұя», «Қанат», «Балғын Агро», «Жайлау» бау-бақша серіктестіктерінің өңтүстік шекарасынан солтүстікке қарай, Ақсай өзенінің сол жақ тармағынан шығысқа қарай, Ақсай өзені мен қаланың батыс шекаралары, Жандосов көшесінен өңтүстікке қарай, Наурызбай ауданындағы Дәулеткерей көшесінен шығысқа қарай; Төле би көшесінің, Райымбек даңғылының өңтүстігінде, Санн көшесінің батысында, Шалаяпин көшесінің солтүстігінде, Момышұлы көшесінің шығысында (Ақсай, «Жетісу» шағын-аудандары); Өңтүстік шекарасындағы аумақта Жандосов көшесі, бат. Щепкин көшесі және Санн көшесі, солт. Рысқұлбеков даңғылы, «Тауғұл-3» ш/а; Өңтүстік шекарасындағы аумақта Рысқұлбеков көшесі, зап. Навои көшесі, зап. Дулати даңғылы, Шығыс. Асқаров көшесі; Өңтүстік шекарасындағы аумақты егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын түзету Райымбек даңғылы, Шығыс. Санн көшесі, солт. Жандосов көшесі, Сайран көлдің шығ. жағалау белдеуі.
- Егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу: Медеу ауданы: «Мұзтау» (Бутаковка) ш/а, Кіші Алматы өзені, Шымбұлақ тау шаңғысы курорты шекараларында, Есентай өзенінің шығысында, «Горный гигант» ш/а, «Юбилейный» ш/а, Диваев көшесінің өңтүстігінде, «Көк Төбе» ш/а, Әл-Фараби даңғылының өңтүстігіндегі шекараларында, Есентай өзенінің батысында, «Тау-Самалы» ш/а, Әл-Фараби даңғылының өңтүстігінде, «Асқартау» ш/а шекараларында; Бостандық ауданы: Алмерек көшесінің өңтүстігі, «Жайлау» ш/а, бат. Дулати даңғылы, солт.гидротех. құрылыс. Ү.Алматы өзенінде «Казсельзащита» ММ (бөгет) шекараларында; Проходная өзенінің бойында, Ү.Алматы өзенінен «Алма-Арасан» шипажайына дейін; Наурызбай ауданы: таулы жер (шығыс бөлігі), Наурызбай ауданы таулы жер (батыс бөлігі); Әуезов ауданы өңт. Райымбек даңғылы, бат. Момышұлы көшесі, шығ. Қарағайлы өз, солт. Трудовая шекараларында.



ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫСЫ

Бүгін – Мұстафа Өзтүріктің туған күні



Дүниеде өз ұлтын қадірлегендер әрдайым қадірлі. Оны тарих ұмытпайды, ұрпақтары ұлықтайды. Қай кезеңде де бекзаттық, мырзалық, қайраткерлік көрсеткен жанның абыройы үстем бола берері анық.

Қазақы дүниетанымда «қанша биіктесең де, өткеніңе қара, бұрынғыдан сабақ ал» деген мағынадағы ағалы сөздер кездеседі. Біздің жүріп өткен жолымыз сан қилы. Бірақ ұлтымыздың маңдайына біткен тұлғалар аз болмаған. Сондай жанның бірі де, бірегейі, ол – Мұстафа Өзтүрік.

Қазақы адам

Тәуелсіздіктің елең-алаң шағында көптеген азамат елге оралды. Қолынан келген, жиған-терген тәжірибесімен бөлісті. Елдің экономикалық, рухани-мәдени дамуына

үлестерін тигізе бастады. Сол кезеңде таэквондо өнерін қазақ балаларына үйреткен, соны жетілдірген бір адам болса, ол Мұстафа Өзтүрік еді.

Сонымен бірге, қазақы кісі болатын. Жақында Ютуб арналардың бірінде Шығыс Қазақстандағы ата-бабаларының басына барып, дұға бағыштаған бейнетаспасы жарияланды. Сондағы ақсақалдармен жүздесіп, шыққан тегіне құрмет көрсеткенін байқадық.

БАҚ беттерінде ұлттық мемлекет, қазақи ойлау, жастар және сырттағы ағайынның ахуалы – бәрі-бәрін айтып, құрмездің шешу жолдарын ортаға салған сұхбаттары бар. Ең бастысы, қазақи ойлау, қазақы үн мен екпін сақталғандығы аңғарылады.

Қызықты дерек

Мұстафа Өзтүрік көпқырлы адам болған. Оның бойындағы түрлі талант пен ерекше дарыны көпшілікті әліге дейін тандандырып келеді. Осы жайында 5 қызықты деректі ұсынамыз.

Мұстафа Өзтүрік полиглот адам болған. Дәлірек, қазақ, түрік, қытай, неміс, жапон, корей тілдерін жетік меңгерген.

Ол Тайваньда атақты Брюс Лимен бірге жаттыққан. Мұстафа Өзтүрік таэквондодан 4-ші дан дәрежесін иеленген. 6 дүркін әлем чемпионы атанған. Мюнхен, Стамбул қалаларында өзінің таэквондо мектебін ашқан.

Ұлы тұлға спорттан айрықша жетістікке жеткен. Алайда, жоғары білімді халықаралық журналистика мамандығы бойынша иеленген.

Оның актерлік қабілеті де болған. Ол түріктің бірнеше фильмдерінде эпизодтық бөлімдерді сомдаған. «Алатай» фильмінде басты рөлде ойнады.

Өзінің атақонысын іздеп келген азамат қолынан келген тәжірибесімен бөлісті. Көзі тірі болғанда, келер жылы 70 жасқа толар еді. Қазақтың қайсар ұл-қыздары әр уақытта болған, бола да береді.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«МЕРГЕН» ЖҰЛДЫЗДАР

Бүгін аталмыш жұлдыздар шоғыры төрге озып, төбеге шығады

...«Үлкен қараша» амалы әлі жүріп жатыр. Айдың 28-іне дейін көрініс береді. Осы айдың жартысынан ауа басталған «Қауыс» амалы мәресіне жетті. Амал бойынша, осы кезде жеңіл әрі жұмсақ қар жауатын болған. Жаңбыр жауды, бірақ қар көрініс бермеді. Ауа райы біртіндеп суый бастады.

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

«Құс жолы» ...

Күздің соңында бауыры ағарып тұрады

«Қараша келмей, қар жаумас» дейді. Қар қарашаның алғашқы күндерінде түсіп, ерімей жатып қалса, қыс ұзақ болады деп болжаған. Адамды, малды ықтырып, бет қаратпайтын суық жел соғады, оны ел арасында ықтырма жел деп атайды. Мұндай жағдай Алматыда болмағанымен, астанада, еліміздің шығысы мен солтүстігінде толық деңгейде көрініс берді.

«Өткен тәулікте Астана Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері 28 рет шақыруға шықты. Олардың ішінде расталмаған 3 факт, 10 өрт оқиғасы, 12 авариялық-құтқару жұмысы және т.б.», делінген хабарда.

«Павлодарда дауыл кезінде 100-ге тарта ауылда жарық сөніп қалған. Дегенмен, 60 елдімекенде үзілген сымдар қайта жалғанып, ток берілді деген хабар жетті. Өзірше 40 ауыл жарықсыз отыр», – дейді Төтенше жағдайлар қызметі өкілдері.

Өткенде жаңа ай туды. Желтоқсан айы. Көк жүзінде шанышлып тұрды. Қыстың басында айдың бұлай көрінгенін соңғы 15–20 жылда көрмеп едік, көмейден еріксіз жыр төгілді...

«Желтоқсанның айы туды жап-жаңа,
Келбетінен тапты дауа: жан, сана.

Қыс басында ашысынан туыпты,
Көзімді алмай тұрмын қарап таңдана.
Ай – қазақтың ортақ болған сырына,
Ай – қазақтың мұңдас болған мұңына...
Ай туралы талай жазып жүрсем де,
Алғаш рет арқау еттім жырғама.
Ай туралы тартпаппын-ау мен қалам,
Шапағынан нұрға бөккен бар ғалам.
Айға қарап болашағын болжаған,
Қазағымның ақылына таңқалам.
Қазақ деген адамзаттың көнбісі,
Аймен бірге орындалған оңды ісі.
Жеті түнде тура жолды нұсқаған,
Ай – қазақтың бұлжымайтын компосы.
Желтоқсанның айы туды оңынан,
Алтын нұрын себелеп тұр молынан...
Қыстың басы шуақты боп басталды,
Кім біледі... не боларын соңынан...».

Айдың 23 күні, бүгін Мерген жұлдыздар шоғыры төрге озып, төбеге шығады. Ол – «Құс жолында» Бүркіт, Қалқан, Жыланбөктерген, Сарышаян, Оңтүстік Тәж, Телескоп және Ешкімүйіз шоқжұлдыздарының аралығында орын тепкен. «Құс жолы» күздің соңында бауыры ағарып тұрады. Мерген жұлдызы аясында өмірге келгендерді – мереке мен думанның адамы деп айтуға болады.

23–30 қараша аралығында ауа райы құбылмалы болады. Жауын-шашын, айтарлықтай ызғар орын алады...

БАБАЛАР АЙТАДЫ

ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСЫНА
ҚАРАП ЖАСАЛҒАН ЖОРАМАЛ:

- * Ертеңгі күн құлақтанса, еліңді жау шапқандай қорық.
- * Кешкі күн құлақтанса, келінің ұл тапқандай қуан.
- * Күн құлақтанып шықса, не боран, не аяздың белгісі.
- * Күн құлақтанып батса, ауа райы жылы болады.
- * ... Күн қораланса күрегіңді сайла.



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.